 ۋىلگەن-ۋىلگەن ئارىپ جازىلەغان ۋىلگەن قاعاز اكەلىنى
 السىب. جۇلىسىپ بالالار شۇۋلاپ جاتىر ھەن.
 تاقتاي بەتى ئايىم شىتىماي-شىتىماي بولىپ تۇرادى.
 مىز اش ئايىم قو جالاق. قو جالاق بولىپ جۇرەدى.
 جاقايدىك ئۇستى-باسى تۇلەگەن تايلاقتاي جالا-جالا.

Кійімі жыртық-жыртық бір жас бала жол жүріб келе жатты.

Баланың айақтары тас жырған жара-жара.
Жеңешем құрт-май салыб берді.
Қазақтар базарға қой-қозы сатады.
Базардан айна-тарақ сыйақты нәрселер алады.
Қармақты қозғаб-қозғаб қойамын.
Балықтар қармақты тартыбы-тартыбы қалады.
Балалар дүү-дүү күледі.

Осында қосарынан айтылыб тұрған қай сөздер?
Айтқанда ондай сөздерді несінен таныймыз?
Қосарынан айтылыб тұрған сөздерді бөлек шығарыб жазындар.

§14 Тасымал сөз.

Қосарлық (-)

Дәмештің кешкі жұмысы.

Дәмеш мектебте оқыйды.
Мектебтен үйіне түрлі әнгімелерінің бар кітебтар әкеледі.
Әнгімелерін үй ішіндегі-лерге оқыйды. Оқығанын басқалар тыңдаб отырады. Балалар түсінбен-генін сұрайды. Дә-

کدیمی جمرتمق- جمرتمق عیبر جاس بالا جول چورب
کله حاتتی.
بالانگ ایاقتاری تاس جمرعان جارا- جارا.
جه گهشهم قورت- مای سالیب بهردی.
قازاقتار بازارعا قوي- قوزی ساتادی.
بازاردان اینا- تاراق سییاقتی نارسهلهر الادی.
قارماختی قوزعاب- قوزعاب قویامن.
بالقتار قارماقتی تارتیب- تارتیب قالادی.
بالالار دوق- دوق کولهدی.
وسندا قوسارینان اینسلیب تورغان قای سوزده؟ اینفاندا وندای
سوزدهردی ندستنهن تائیدمیز؟ جازعاندا ندستنهن تائیدمیز؟
قوسارینان اینسلیب تورغان سوزدهردی بولمه شمعارب جازنکدای.

١٤. ڦاسدهال سوز . قوساريق (-)

دامه شتدا گهشکی جومسی .

دامهش مه کته بتنه و قمیدی .
مه کته بتنه و یینه عقولی اشگمه .
سی با ر کتابتار اکه له دی .
اشگمه لهرين عوی دشمند گه .
لهر گه و قمیدی . و قمعانمن
باسقالار تیکداب و تمرا .
دی . بالالار تسو سمنبه .
گه نهن سو را یدی . دا .

меш оларға түсінді-
реді. Кей бір нэрсе-
лерді ұлкендер де біл-
мей Дәмештен сұрай-
ды. Сұрағандарын Дә-
меш түсіндіріб бе-
реді.

Осында жолға сыймаған сөздерді қалай еткен?
Сыймаған сөздерді бөліб, сыймағанын келесі жолға
шығарғанда сөзді қандай-қандай жерлерінен бөлген?
Бұуынды тұтасынан шығармай, бөліб шығарған жері
бар ма? Сыймаған сөздерді қалай бөліу керек болғаны?
Тасымалдағанда сөздің бөлінген жеріне басқа белгі
қоймай, қосарлық белгісін қойыудың мәнісі не?

Кітебтағы басқа әнгімелерде сыймаған сөздерді
қалай тасымалдағанын қарандар.

§15 Төл сөз.

Дәлдеулік (« »)

Шәкен салақ

Қабырға гәзійттен

Шәкенге бәрі қарайды. Шәкенге бәрі жарайды.
Шәкеннің үсті бор-бор.
Борын айтқан адамға –
«Жарайды; кім қарайды?»
дейді.

مهش ولا رعا عتقو سمنند -
 ره دى . كه ي بير ناو سه -
 لهدى ولـ كه نده رده بـ -
 مه ي دـ اـ مـ شـ تـ هـ سـ قـ رـ آـ يـ -
 دـ يـ . سـ قـ رـ اـ عـ اـ نـ دـ اـ رـ منـ دـ -
 مـ هـ شـ تـ قـ سـ مـ نـ دـ سـ بـ بـ -
 رـ ـ دـ يـ .

و سمندا جولغا سيماعان سوزدى قلالي هتكەن؟ سيماعان سوزدى ميولب،
 سيماعانىن كەلسى جولغا شعارة ئىدا سوزدى قانداباي-قازباي جەرلەرنەن بولگەن.
 بۇنىلى تۇلتاسنان شعارة ماي، بولب شعارة عن جەرى بارما؟ سيماعان
 سوزدى قلالي ميولبى كەركە بولغانى؟ تاسىمالدا ئىدا سوزدى قلالي تاسىمالا -
 جەرىنە باسقا بىلكى قويماي، قوسارلىق بىلگىسىن قوييۇدىڭ مانىسى نە؟
 كىتابىدابى باسقا انگىمەلەرده سيماعان سوزدى قلالي تاسىمالا -
 ماداعانىن قاراڭدار.

٤٥. ئۆل سوز.

دالدەۋلىك («») شاکەن سالاق.

قابرغا كازېيتىن.

شا كەنگە ئارى قارايدى. شا كەنگە ئارى جارايدى.
 شا كەننىڭ ۋستى بور - بور .
 بورىن ايتقان اداما -

«جارايدى؛ كىم قارايدى؟»
 دەيدى.

Шәкеннің беті салтақ-салтақ.
Салтағын айтқан адамға—
«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.

Шәкеннің қолы кір-кір.
Кірін айтқан адамға –
«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.

Шәкеннің кійімі жыртық-жыртық.
Жыртығын айтқан адамға –
«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.

Әжесі ас ішерде қол жұуыуға қосса,
Оған Шәкен –
«Жарайды, кірі менің бойыма тарайды»
дейді.

Осында айтылған төл күйінде өзгерместен жазылған қай сөздер? Оны «төл сөз» деб көрсетіу үшін нендей белгі қойылған?

شاکەننەڭ بەتى سالتاق. سالتاق.
سالتاعنەن ايتقان ادامعا —

«جارايدى. كىم قارايدى؟»

دەيدى.

شاکەننەڭ قولى كىر - كدو.
كىنرەن ايتقان ادامعا —

«جارايدى. كىم قارايدى؟»

دەيدى.

شاکەننەڭ كېيىمى جىرتىق - جىرتىق.
جىرتىعەن ايتقان ادامعا —

«جارايدى. كىم قارايدى؟»

دەيدى.

اجەسى اس شەردە قول جۇۋىچۇغا قوشى،
و عان شاکەن —

«جارايدى. كىرى مەن بويمما تارايدى»

دەيدى.

و سىندا ايتىلغان ئۇل كۈپىنلە وزگەرمەستەن جازىلغان قاي سوزدەر؟
ونى «ئۇل سوز» دەب كورسەتمۇ ۋۇشىن نەزەھى بەلگى ۋېلىغان؟

§16 Төл атау.

Дәлдеулік (« »)

Қабырға гәзійт

Жанак әнгімесінен

Отken жыйылыста қабырға гәзійтін шығарыу мәселесі қаралған. Атын не деб қойамыз деб көб ойланғанбыз.

Біреулер – «Жас ұлан» қойалық деген.

Біреулер – «Жас бұзын» қойалық деген.

Біреулер – «Жас қайрат» қойалық деген.

Біреулер – «Белсен жас» қойалық деген.

Біреулер – «Еркін жас» қойалық деген.

Біреулер – «Сергек жас» қойалық деген.

Ақырында Дәмеш ұсынған «Жеткіншек» деген ат алынған.

Жақан сабаққа ылғый кешігіб келетін. Мұғалым кешіккен себебін сұраса, анау-мынау деб сылтау айтатын:

Кеше бір бала Жақанды қабырға гәзійтке жазыб қойыбыты. Жақан атын атамаған, бірақ жазылған сөзге қарағанда сол екендігі көрініб тұр.

«Жалқау қалқа-ау,

Айтпа сылтау» деб бастағаннан ақ Мәкеш мынау Жақан тұрасынан шығар деді.

§. 16. ئۇل اتاق.

دالداۋ لىك (« «)

قابىرغا كازىيەت،

جاناق انگىمىسىنەن.

و تىكەن جىيىلىستا قابىرغا گازىيەت شىعار بۇ ماسا -
لەسى قارالغان . اتنى نە دەب قويامىن دەب كوب
و يىلاعانبىز .

بىرەۋلەر - « جاس فلان » قويالىق دەگەن .

بىرەۋلەر - « جاس بۇۋىن » قويالىق دەگەن .

بىرەۋلەر - « جاس قايروأت » قويالىق دەگەن .

بىرەۋلەر - « بەلسەن جاس » قويالىق دەگەن .

بىرەۋلەر - « ھەرىكىن جاس » قويالىق دەگەن .

بىرەۋلەر - « سەرگەڭ جاس » قويالىق دەگەن .

أقىرىندا دامەش ۋىسنىغان « جەتكىنىشەك » دەگەن ات
الىنغان .

جاقان ساباققا بىلەنى كەشىمگىب كەلەتىن . مۇ عالىم
كەشىكىدىن سەبېبىن سۈراسا، اناق-مناۋ دەب سىلتاۋ
ايتاتىن :

كەشە ئىسراپلا جاقاندى قابىرغا گازىيەتكە جازىب
قوىيىتى . جاقان اتنى اتاماغان، بىراق جاز بىلغان سۈزگە
قاراعاندا سول ھەنەنى كورىنمب تۇر .

« جالقاۋ قالقا اۋ،

ايتىبا سىلتاۋ» دەب باستاغاننان اق ماكەش مناۋ
Jacan توۋراسىنان شىعار دەدى .

Кешеден бері Жақанды балалар «Жалқау қалқа ау» деб атайтын болды.

Мұнда өзгермestен төл күйінде жазылған сөздер бар ма?

Олар қай сөздер?

Сендер қандай гәзійттердің аттарын білесіндер?

§17 Үйір сөздер.

Еместік (×)

Төмендегі «Шарыуамыз» деген әнгіменің ішіндегі қосыуға үйлесетін, бір-біріне үйір сөздерді қоса оқындар. Үйір еместерін қосбай оқындар. Үйір емес сөздердің арасына мынадай (×) еместік белгісі қойылған.

Шарыуамыз.

Күз ортасы × ауған еді. Бір күні × қара сұзық × жел болды. Мектебтің × ашық-тесік × жерлерінен × жел гүуледі.

Үйдің іші × азынаң кетті. Қолымыз × қатыб қалды. Қалам ұстаяға × саусақтарымыз × ійлікбеді. Аяғымыз да × мұздай бастады. Жаураб, бүрісіб отырдық.

Бір мезгілде × мұғалым келді. Бор мен × кендір май әкелді. Борды × майдалаб × түйдік. Оның ұстіне × май құйдық. Ійлеген соң × қамыр сыйақты болды. Қамыр мен × терезенің × ашық-тесік

کەشىدەن بەرى جاقاندى بالالار، «جالقاڭ قالقا اۋە»
 دەب اتايىتىن بولىدى.
 بۇنىدا وزگەرمەستەن مۇل كۈيىنده جازىلغان سوزدەر بارما؟
 ولار قاي سوزدەر؟
 سەنلەر فاندای گازىيەتىرىدەڭ اتلىرىن بىلەسلىنەر؟

§ 17. ئۇيدۇ سوزدەر . ممەستىك (X)

تو مەندە گى «شارىق امىز» دە گەن انگىمەنىڭ نىشكىنىدە كى
 قوشۇغا قىيلسىتىن بىر- بىرىنە ئۇير سوزدەرىدى قوسا وقىشكىدار ئۇير
 مەستەرىن قوشىلىق وقىشكىدار. ئۇير مەس سوزدەرىدەڭ اراسىنا
 مەناداي (X) مەستىك بەلگىمىسى قويىلغان.

شارىۋامىز .

كۈز ورتاسىي × اۋعان دى. ئېم كۇنىي × قارا
 سۇۋىق × جەل بولىدى. مەكتەبتىك × اشىق-تەسىك ×
 جەرلەرنەن × جەل كۇۋەلدى.
 ئۇيدىلە ئىشى × ازىناب كەتتى. قولىمىز × قاتىپ
 قالدى. قالام ۋەستاۋغا × ساۋ ساقتارىمىز × بىلىكىمەدى.
 اياعىمىزدا × مۇزداي باستادى. جاقىراب، ئېبۇر سىسب
 و تىردىق .

ئېم مەز گەللىدە × مۇعالىم كەلدى. بور مەن × كەندىر -
 ماي اكەلدى. بوردى × مايدالاپ × تۇيدىك. و نىڭ
 ۋەستىنە × ماي قۇيدىق. دىلە گەن سوڭ × قامىر سىياقتى
 بولىدى. قامىر مەن × تەھرەزەننىڭ × اشىق - تەسىك

жерінің × бәрін бітедік. Жел × азынауын × қойды. 3-4 бала × отын әкелдік. От жағыб, жылыныб алдық.

Осындағы үйлесіб, қосылыб, бір үйір болыб тұрған сөздерді бір бөлек, үйлеспей, оз алдына оңаша тұрған сөздерді бір бөлек шығарыб жазындар.

Нұсқа:

Үйір сөздер

Күз ортасы

.....
.....

Емес сөздер

Мектебтің

.....
.....

Енді сол әнгімені төменгі түрінде оқыб көріндер.

Шарыуамыз.

Күз × ортасы ауған × еді. Бір × күні қара × сұзық жел × болды. Мектебтің ашық-тесік × жерлерінен жел × ғүүледі. Үйдің × іші азынаб × кетті. Қолымыз қатыб × қалды. Қалам × ұстауға саусақтарымыз × ійлікбеді. Аяғымыз да мұздай × бастады. Жаураб, бүрісіб × отырдық.

Бір × мезгілде мұғалым × келді. Бор × мен кендір май әкелді. Борды × майдалаб үйдік. Оның × үстіне май × құйдық. Иллеген × соң қамыр × сыйақты × болды. Қамыр × мен терезенің × ашық-тесік × жерінің бәрін × бітедік. Жел азынауын × қойды. 3-4 × бала отын × әкелдік. От × жағыб, жылыныб × алдық.

جهر نهند \times بار بن بنته دیک. جهل \times از زناشوین \times قویدی.
4-3 بالا \times وتن اکه لدیک.

وت جاعیب، جمله نسب الدیق.

وسنند اعی \times فیله سبب قو سلیم ب \times بیر \times فیمر بولیم تور عان
سو زده دی \times بیر بوله دیک، فیله سبب هی، موز الدینا و کاشا تور عان
سو زده دی \times بیر بوله دیک شمعار سب جاز شکدار.

نؤسقا: \times فیمر سو زده \times مه مس سو زده
مه کته نهند \times کوز ورتاسی.

• • • • •

هندي سول اکگممه نی تو مه نگی تور نهند و قمب کور شکدره
شار بی او مدر.

کوز \times ورتاسی او عان \times هدی. \times بیر \times کونی قارا \times
سو قوق جهل \times بوله دی. مه کته بتمدث اشدق - ته سدک \times
چهر لهر نهند \times کف و لهدی. \times فید راث \times عشی از زناب \times
که تئی. قول همنز قاتیب \times قالدی. قالام \times وستا شعا ساق.
ساق تار همنز \times بیلیک بیدی. ایا عهممزدا موز دای \times باستادی،
جا قر اب، بور سبب \times و تردیق.

بیر \times مه ز گیلده م عالم \times که لدی بور \times مه ن کند بور -
ماي اکه لدی بور دی \times ما پد الاب تؤید دیک. وندیث \times فست نهند
ماي \times قو یدیق. بیله گدن \times سو لک قامه ر \times سی یاق تی \times
بوله دی. قامه ر \times مه ن تدر دز هندیث \times اشدق - ته سدک \times
چهر نهندیث \times بار بن \times بنته دیک. جهل از زناشو دن \times قو یدی.
4-3 بالا وتن اکه لدیک.

وت \times جاعیب، جمله نسب الدیق.

Сөзді үйір-үйірі мен қосыб оқыу қалай? Үйірі мен қоспай, бөлек кез келгені мен қосыб оқыу қалай? Екеудің қайсысы оқыған адамның өзіне де, тыңдағандарға да анық түсінікті.

Оқыу ашық, түсініуге анық болыу үшін не істей керек екен?

Мұнан былайғы әнгімелердің бәрін де, әуелі, үйірлеб белгілемей тұрған күйінде оқыб, онан кейін үйірлеб, еместік белгісін қойыб оқыб қарандар. Қайсысы түсінікті болыумен де тұрмай, оқыуға да жеңіл болар екен, сол жағына назар салындар.

Қамсамолдар мен пійәнерлер.

Пійәнерлер ұйымы қамсамолдан бөлек емес. Пійәнер басшыларын өздері сайламайды. Оларды қамсамол кәмійтеттері басқарады. Пійәнер жұмысшы қамсамол жұмысының бір бөлегі.

Пійәнерлердің жұмысын басқарыб, оларға дұрыс бағыт беріу үшін қамсамол ұйымы не істейді:

- 1) Пійәнерлерге жетекші береді. Мүшелерінің бір сыпыраларын пійәнерлер жұмысына қосады.
- 2) Пійәнер арасында жұмыс қылатын қамсамолдар мен пійәнер жасақтарының істерін басқарады.
- 3) Пійәнер сергектерін тәрбійелеб, жұмысқа қосады.
- 4) Пійәнер жасақтарын қамсамол ұйымының жұмысына қатыстырады.

سوزدى ئۇيىر- ئۇيىرى مەن قوسىب وقۇۋ فالاى؟ ئۇيىرى مەن قوسىبى؟
كە كەز كەلگەنى مەن قوسىب وقۇۋ فالاى؟ كەۋىنداڭ فايىسى وقۇغان
دامنالىڭ وزىنەدە، تەڭىداغاندار عادا اندىق تۇسىنەكتى؟

وقۇۋ اشقا، تۇسىنۇڭە اندىق بولۇمۇ ۋۇشىن نە دىستۇۋ كەرەك ەكەن؟
مۇنان بىلايىعى انگىمەلەر دىڭ باردىن دە، اۋەلى، ئېمىرلەب بەلگەنلەمەمى
تۇرغان كۇيىنەت وقىب، ونان كەيىن ئېمىرلەب دەستىك بەلگەمىسىن
قوىيىب وقىب قاراڭدار. قايسىسى تۇسىنەكتى بولۇمۇ مەن دە تۇرمائى،
وقۇۋ عادا جەڭىل بولار ەكەن؛ سول جاھىنا نازار سالىڭدار.

قامسامولدار مەن پىيانەرلەر.

پىيانەرلەر قىيمى قامسامولدان بولەك ھەمس. .
پىيانەر باشىلارىن وزەرى سايىلامايدى. . ولاردى
قامسامول كامىيەتتەرى باسقارادى. . پىيانەر جۇمىسى
قامسامول جۇمىسىنىڭ ئېمۇ بولەگى.

پىيانەرلەر دىڭ جۇمىسىن باسقارىب، ولارعا دفۇرس
باامت بەرىقۇ ۋۇشىن قامسامول قىيمى نە دىستەيدى:

1—پىيانەرلەرگە جەتكىشى بەردى. . مۇشەلەرنىڭ
ئېمۇ سىپىرالارىن پىيانەرلەر جۇمىسىنا قوسادى.

2—پىيانەر اراسىندا جۇمىس قىلاتىن قامسامولدار
مەن پىيانەر چاساقتارىنىڭ دىستەرىن باسقارادى.

3—پىيانەر سەرگەكتەرىن تاربىيەلەب جۇمىسقا
قوسادى.

4—پىيانەر چاساقتارىن قامسامول ۋىياسىنىڭ جۇمىس-
سىنا قاتىستىرادى.

Біліу керек.

Ленін оқыб жүрген кезінде мектебтегі балалардың алды болған. Сабаққа ықыласты, жұмысына тыңғылышты болған екен. Кітәбы көб оқыйды екен. Өзі мен бірге болған балалардың алды болыб, мектеб бітіргенде сый алған.

Ленін балаларды үлкейген шағында да жақсы көрген. Алға сүйрейтін адамдар балалар болатынын жақсы білген.

1921-жылы бүкіл Iресейлік Көменес жастар одағының 3-сійезінде Ленін – Жастар, пійәнерлер, оқындар! Бай, кедей, кожа, құл болмайтын, адам баласының бәрі тәң болатын көменізім заманын орнататын сендер. Көменізім орнатыу үшін көб білім керек. Ол білімді алыу үшін көб оқыу керек. Білімді жұмыскер, қара шарыуа, мұғалым, сүгіретші, ағыраном, доктыр, әртес болыб шығыуларың керек деген.

Мұны жастар мен пійәнерлер біліулері керек. Иң жүзінде орындаулары керек деген.

بىلدۇڭ كەرەك،

لەننەن و قىب جۇر گەن كەزىنەدە مەكتەبەتەگى بالالار-
 دىڭالدى بولغان ساباققا قىلاستى، جۇممسىناتىڭ عملەقتنى
 بولغان ھەكىن، كەتابقى كوب و قىيىدى ھەكىن، ئۆزى مەن
 بىرگە و قىمعان بالالار دىڭالدى بولىپ، مەكتەب بىتىمۇ-
 گەندە سىي العان.

لەننەن بالالاردى ۋ لەكىيگەن شاعىنىدا دا جاقسى، كور-
 گەن، العا سۇئىرىتىن ادامدار بالالار بولاتىنن جاقسى
 بىلىڭەن.

1921 - جىلى بۇ كەملەر سەييلەك كومەنەس جاستار
 و داعىنىڭ 3 - سەيىھەزىنە لەننەن - جاستار، پېيانەرلەر،
 و قىڭىدار! باي، كەددەي، قوجا، قۇل بولمايتىن، ادام بالا-
 سىنىڭ ئبارى تەڭ بولاتىن كومەنەزىم زامانىن ورناتا-
 تىن سەننەر. كومەنەزىم ورناتىقۇ ۋشىن كوب ئېلىم
 كەرەك. ول ئېلىمىدى المۇ ۋشىن كوب و قەقۇ كەرەك.
 بىلەمدى جۇممسىكەر، قارا شار دۇغا، مۇعالىم، سۇگىزەت
 شى، اعسانو، دوقىمۇ، ارتەس بولىپ شىعىقۇلار دىڭ
 كەرەك دەگەن.

مۇنى جاستار مەن پېيانەرلەر بىلىق لەرى كەرەك.
 ئىس جۇزىنە ورنىدا ئۇلارى كەرەك دەگەن.

—————

§16 Ұйқас сөздер.

Өлең шұумалы.

Күз.

Көңілсіз түз.

Қыс.

Қысады тыс.

Жаз.

Бәрі шат мәз.

Шілде.

Жақбайды кімге?

Осыны оқығанда, қай сөздердің айтылышы ұқсас?
Сол ұқсас сөздерді оңаша шығарыб, бірінің астына
бірін жазындар.

Тәмендегі «Мерген ақ» дегенді оқындар. Оның
ішіндегі ұқсас естілеттің сөздерді бөлек шығарыб,
бірінің астына бірін жазындар.

Мерген ақ!

Біздің Ысқақ –

Ой, мерген ақ!

Торғайға атыб,

Шырғайға тійгізеді.

Қарғага атыб,

Арбаға тійгізеді.

§ 18. ۋىقاس سوزىدەر و اهل شۇۋماعى.

كۈز.

كۈشكىلسىز تۈز.

قىمس.

قىمسادى تىمس.

جاز.

بارى شات ئامان.

شىلدە.

جاپىيىدى كىمگە؟

و سىنى و قىغاندا، قاي سوزىدەر دىڭ ايتىلىزى ۋىقاس؟ سول ۋىقاس سوزىدەردى و ئىڭىشا شىعارىب، ىېرىننىڭ استىنا بىرىن جازىڭىدار.
تومەندەگى «مەر گەن اق» دەگەندى و قەڭىدار. و نىڭ دىشىندەگى ۋىقاسى سەقىلەتنى سوزىدەردى بولماڭ شىعارىب، ىېرىنىڭ استىنا بىرىن جازىڭىدار.

مەركەن اق!

بىز دىڭ سىقاق-

وي، مەر گەن اق!

تۇر عايىغا اتىب،

شىر عايىغا تىيىگەزەدى.

قارعاعا اتىب،

ارباعا تىيىگەزەدى.

Далаға атыб,
Балаға тійгізеді.
Балаға атыб,
Далаға тійгізеді.

Айтылыуы ұқсас сөздер не деб аталады? Білесіндер ме? Қандай сөйлем «өлең сөйлем» деб аталады? Қандай әнгіме «өлең» деб аталады.

Төмендегі «Бөбектің тілегі» деген өлеңді оқыб, ішіндегі ұйқас сөздерін бөлек шығарыб, ұйқасын ұйқасының астына жазындар.

Бөбектің тілегі.

Тоқтышағым тоғыз таб.
Саулық қойым сегіз таб,
Сегізінді семіз таб.
Құла бійем құлын таб,
Құлын табба, құнан таб.
Құнан табсаң, егіз таб.

*

Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім.
Төртеуің де бөрте бол.
Өлмей-жітбей есен боб,
Қой алдында көсем боб,
Төртеуің де серке бол.

دالاعا اتىب،
 بالاعا تېيگەنەزەدى.
 بالاعا اتىب،
 دالاعا تېيگەنەزەدى.

أينلىئۇ ئوقساس سوزىدەر نە دەب انالادى؟ بىلەسىنەزەرمە؟ قاندای سوپىلم
 «ولەڭ سوپىلم» دەب ايا لادى؟ قاندای انگىمە «ولەڭ» دەب انالادى؟

تومەندە گى «بوبەكتىڭ تىللەگى» دەگەن وەڭىدى وقىبە بشىندە گى ۋىقايسىز
 سوزىدەرنىن بولەك شىعارىب، ۋىقايسىن ۋىقايسىنىڭ استىنا جازىشكىدار.

بوبەكتىڭ تىللەگى.

توقىمىشاھىم تو عىز تاب.
 ساۋالىق قويىم سەگىز تاب،
 سەگىزىكىسى سەھىز تاب.
 قۇلا بىيەم قۇلدىن تاب.
 قۇلدىن تابىبا قۇنان تاب.
 قۇنان تابساڭ ھەگىز تاب.

*

بو كەن چۈنلى بورتە ھاشكىم،
 ئىتۇرت ايدا بول ئىتۇرت ھاشكىم.
 تور تىۋىرىڭ دە بورتە بول.
 ولەمەي - جىتىبەي ھەسلىن بوب،
 قوي الدىندا كۈسەم بوب،
 تور تىۋىرىڭ دە سەرگە بول.

Әукем, бызауды алты таб.
Әукелері салпылдаб,
Өгіз болсын атандай.
Бақайлары майысыб,
Елемесін қайысыб,
Адам мінсе атамдай.

(Жәжеке)

Жай әнгіме менен өлеңнің жазыу тәртібі жағынан
аயырымы бар ма? Қайсысы шұумақ-шұумак болыб,
бөлектеніб жазылады? Қайсысы бөлектенбей тұтас
жазылады.

Төмендегі «Жас пійәнер біздерміз» деген өлеңді
шұумак-шұумағымен көшіріндер.

Жас пійәнер біздерміз.

Арыстандай айбатты,
Қажымайтын қайратты,
Жас пійәнер біздерміз.

Білім сүудай тасатын,
Надан елге шашатын,
Жас пійәнер біздерміз.

*

اۋىكەم، بىز اۋىدى التى تاب.
 اۋىكەلەرى سالپىلداب،
 و گەز بولسىن اتاندابى.
 باقايىلارى مايسىب،
 داڭەمىسىن قايىسىب،
ادام مىنسە اتامدايى
 (جاچە كە).

* * *

جاڭىمە مەنەن ولهڭىنىڭ جازۇ ئارتبىي جامىنان اېرىمى بارما؟
 قايىسى شۇۋاماق - شۇۋاماق بولىپ بولەكتەنچىب جاڭلاردى؟ قايىسى بولە -
 كەتفىيە ئۆتلىس جازىلادى؟

تومىنلەكى «جاس پەيانەر بىزدەرمىز» دەگەن ولهڭىنى شۇۋاماق-شۇۋاماعى
 معن كوشۇر كىلماهر.

جاس پەيانەر بىزدەرمىز.
 ارسىتانداي اىيياتتى،
 قاجىممايتىن قاييراتتى.
 جاس پەيانەر بىزدەرمىز.

ئىلىم سۇۋىدai تاساتىن
 نادان ھلگە شاشاتىن،
 جاس پەيانەر بىزدەرمىز.

Қызыл тұу аб қолына,
Түсер көмен жолына
Жас пійәнер біздерміз.

Жұрт жұмысын тындырар,
Дұспан белін сындырар,
Жас пійәнер біздерміз.

(Умбетжсан).

* * *

Үш ауыз өлең.

Ойынды таста оқыудан қашпа өнер білім үйрен жаста ашылды мектеб ойлама тек деб ілгері ұмтыл өзің зерттеб ашық көзің қожа өзің Мәркіс, Ленін үйрен сөзін.

(Умбетжсан).

Бұл өлең шұумақталмай жазылған. Тыныс белгілері де қойылмаған. Тыныс белгілерін қойыб, шұумақтаб жазсандар, калай жазар едіндер?

Төмендегі «Оқыушы жастарға» деген өлеңде тыныс белгілері қойылған. Бірақ өлең шұумақталмай жазылған. Сендер шұумақтаб жазыңдар.

Оқыушы жастарға.

Еңбекшілді бастайтын, жауыздарды жасқайтын
Кеңестің қызыл ерлері, бауырларым, сендерсін!
Ескілікті жойатын, бұзықтың көзін ойатын еңбек-

قىزىل تۇق اب قولىنا،
تۇسەر كومەن جولىنا
جاس پىيانەر بىزدەرمىز.

جۇرت جۇممسىن تىمىدىر ار،
دۇسپان بىلدىن سىمىدىر ار
جاس پىيانەر بىزدەرمىز.
*(ۇمىدىجان)

ُوش اوپىز ولەڭ.

وينىدى تاستا وقىۋدان قاشبا ونەر ئېلىم ۇيرەن
جاستا اشىلىدى مەكتەب ويلاما تەك دەپ دىلگەرى ۇمـ
تەل ۇزىڭ زەرتتەب اشىق كوزىڭ قوجا ۇزىڭمارـ
كسن لەنىن ۇيرەن سۈزىن.
*(ۇمىدىجان)

بۇل ولەڭ شۇۋماقىالماي جازىلەن. تىنسىس بىلگىلەرى دە قويىلەمان، تىنسىس
بىلگىلەرن فويىب، شۇۋماقىاب جازساڭدار، قالاي جازار دىلگىلەر.

تۆمىندەگى «وقىۋشى جاستارعا» دەگەن ولەڭدە تىنسىس بىلگىلەرى
قوىلەمان. بىر اق ولەڭ شۇۋماقىالماي جازىلەن. سەنەر شۇۋماقىاب جازىڭدارـ

وقىۋشى جاستارعا،

هېڭىھە كىشىلىدى باستايىتىن، جاۋىزداردى جاسقايتىن كەـ
ڭەستىڭ قىزىل ھەلھەرى، باۋىرلار بىم، سەنەر سەن! دەـ
كىلىكتى جوياتىن، بۇزىقتىڭ كوزىن وياتىن ھېڭىھە كـ

шінің ұлдары, бауырларым, сендерсін! Ағартатын халықты, орнататын жарықты, кедей таптың шырағы, бауырларым, сендерсін! Ұлтқа, рұуға бөлмейтін, ескі ауырыуды емдейтін, қамқоршысы, доктыры, бауырларым, сендерсін! Өзгермейтін қалыбы, бейнетқор таб алыбы, адал жүрек, ер көніл жас өспірім ерлерсін!

(Жұма)

§19 Бұуын.

Тасымалдау.

Баласын сүйіу.

Қой сүйеді баласын қонырым деб,
Іштемені білмеген момыным деб.

Сыйыр сүйеді баласын торпағым деб,
Қараңғыда басбаған қорқағым деб.

Түйе сүйер баласын тайлағым деб,
Жабыу жабса жарасқан жайнағым деб.

Ешкі сүйер баласын ұлағым деб,
Тастан тасқа секірген шұнағым деб.

Жылқы сүйер баласын шыбарым деб,
Жүгіріуден жазбаған құмарым деб.

شىنىڭ ولدارى، باۋىرلارىم، سەندەر سىن! اعىراتاتىن
قالىقىتى، ووناتاتىن جاۋىقتى، كەدەي تابىتىڭ شىراعى،
باۋىرلارىم، سەندەر سىن! ۋاتقا، ۋەقۇعا بولمەيتىن،
ھىكى اۋرىۋۇدى ھەمدەيتىن، قامقورشىسى، دوٗتىرى،
باۋىرلارىم، سەندەر سىن! وزگەرمەيتىن قالىبى، بەينەتى-
قور تابالىبى، ادال جۇرەك، ھر كۈچىل جاسوسپە.
رىم ھەلەرسىن!

(جۇما).

§ 19. بەٌۋەن.

تاسى ماڭداۋ.

بالاسىن سۇيىدۇ.

قوى سۇيىدەي بالاسىن قوڭىرىم دەب،
ئىشتەمەنلىكى بىلمەگەن مومنىم دەب.

سەيدىر سۇيىدەر بالاسىن تورپاھىم دەب،
قاراڭىمىدا باسباعان قورقاسىم دەب.

تۇيىه سۇيىدەر بالاسىن تاڭلاھىم دەب،
جاپقۇ جابسا جاراسقان جايىناھىم دەب.

ھىكى سۇيىدەر بالاسىن ۋلاھىم دەب،
تاستان تاسقاسەكىرگەن شۇناعىم دەب.

جىللىقى سۇيىدەر بالاسىن شىبارىم دەب،
جۇڭىر بۇۋەن جازباعان قۇمارىم دەب.

Шошқа сүйер баласын торайым деб,
Қорсылдатар өзеннің тогайын деб.
Қасқыр сүйер баласын келтегім деб,
Қой үркіткен жата қаб тентегім деб.

Осы өлеңді ән білетіндерің асықбай, жайлаб әнге салыб, мәселен, «Елім-ай» деген ән мен айттыңдар. Ән мен айтқанда дауыстың қай сөзде қанша ыргалатынын байқандар.

Дауыс неше ыргалса, сонша бұуын болады.

Ескертіу: дауыс әнсіз айтқанда да ыргалады, бірақ әндегідей созылыб айттылмаған соң құлақ анық шала алмайды.

Осы өлеңдегі сөздерді алыб, жай созыб айтсандар да дауыс ыргалыуы анық білінеді.

Осы «Баласын сүйіу» деген өлеңдегі сөздердің бұуынын айырғаннан кейін, бұуын санына қарай сұрыбтаб, сатылаб жазыңдар. Мәселен, бірінші сатыға бір бұуындыларын, екінші сатыға екі бұуындыларын, үшінші сатыға үш бұуындыларын.

Нұсқа:

| | | |
|---------------|---------------|---------------|
| 1 бұуын-дылар | 2 бұуын-дылар | 3 бұуын-дылар |
| қой | сыйыр | сүйеді |
| | | |

Сатылаб жазған сөздеріннің ішінен үйқас сөздерді тауыб алыб, үйқас-үйқасы мен бірінің астына бірін сатылаб жазыңдар.

Бұуын бір сөздікі болса, араларына қосарлық (-) қойыңдар. Бұуын бір сөздікі болмаған жerde ол қойылмайды.

Нұсқа: қо-ны-рым
МО-МЫ-НЫМ
.....
.....

شوشقاسوییر بالاسمن تور ایم ده
قورسیلداتار وزهندیک تو عایم ده
فاسقیر سوییر بالاسمن که لته گیم ده ،
قوی قو کمکدهن جاتا قاب تهنته گیم ده .

وسی وله گندی ان بیلمهندیمهیث اسقبای چایلاب انگه سالمب ، ماسهلهن ،
«لهم ای» ده گهن «ان من اینگندار ، ان من اینقاندا داؤستیکفاي سوزده
فانشا بر عالانین با یقاگندار .

داؤس نهش بوعالساه سونشا بیوؤین بولای .
مسکه رتمو : داؤس انسیز اینقاندا بر عالادی ، بیر اق انده گندی سوزیلیب
ایتماعان سوک قولاچ انمی شالا المایدی .
وسی وله گندی سوزده ردی السب جای سوزیب اینساگنداردا داؤس بر -
عالیزی اتفق بیلمهندی .

وسی «بالاسمن سوییم» ده گهن وله گندی کی سوزده ردی بیوؤینان
ایمرعانهان کهیدن ، بیوؤین سانهنا فارای ، سوئربنای ، سانلاب
جاز گندار ، ماسهلهن ، 1 - نخشی ساتمعا بیبر بیوؤیندیلارین ، 2 - نخشی
ساتمعا کی بیوؤیندیلارین ، 3 - نخشی ساتمعا قوش بیوؤیندیلارین .
نوسقا : 1 بیوؤیندیلاری . 2 بیوؤیندیلاری . 3 بیوؤیندیلاری .
قوی سیمیر سوییدی
.....

سانلاب جاز عان سوزده ردکنیک نشنهن ذی قالس سوزده ردی تاوردی
السب ، ذی قالس - ذی قالسی من بیوؤیندیک استمناع بیرین سانلاب جاز گندار .
بیوؤین بیبر سوزدیکی بولساه او الارمنا قوسار لیق (-) قوی اسمندار .
بیوؤین بیبر سوزدیکی بولماعان چدرده ، ولقوی اسمندار .
نوسقا : قو - گردم
مو - م - ندم
.....
.....

Бұуынға бөлгөн сөздерінді бәрің үн қосыб, бұуын-
бұуыны мен оқындар.

Жазған бұуындарыңың ішінде қай бұуындар ұқсас,
қай бұуындар бірдей?

Ұқсас бұуындардың үстін сзыбы көрсетіндер, бірдей
бұуындардың астын сзыбы көрсетіндер.

§20 Еселеб бұуындау

Ешкі.

Ешкі қойды бастаған.
Қойды артына тастаған.
Ешкі деген жаныuar,
Сойса, саны қалақтай.
Саяса, сүті бұлақтай.

Осы өлеңнің сөздерін жол-жолы мен алыб,
бұуындарын еселеб айырындар. Еселеб айырыу мен
жай айырыудың арасындағы айырмасы сол – мұнда
сөздің бұуындары бірден айырылмай, бір-бірден
сатылана айырылады.

Нұсқа:

Еш-
Еш-кі
Еш-кі қой-
Еш-кі қой-ды
Еш-кі қой-ды бас-
Еш-кі қой-ды бас-та-
Еш-кі қой-ды бас-та-ған.

بۇۋىنعا بولگەن سوزدەرىڭىز ُبارىڭ مۇن قوسىپ، بۇۋىن - بۇۋىنى
مەن و قىشكىدار.

جىزىغان بۇۋىندارىنىڭىز بىشىنە قاي بۇۋىنداار ۋىقاسىس، قاي
بۇۋىنداار بىردىي ؟
ۋىقاسىس بۇۋىندااردىڭ ۇستىمن سىزىپ كورسەتىڭىز ؟ بىردىي
بۇۋىندااردىڭ استىمن سىزىپ كورسەتىڭىز.

§ 20 ۋىسىلەب بۇۋەندىدا

دشىكى.

دشىكى قويىدى باستاغان.

قوىيدى ارتىنا تاستاغان.

دشىكى دەگەن جانىۋار

سويساء، سانى قالاقتاي.

ساۋسأ، سوتى بولاقتاي.

وسى ولەئىندىڭ سوزدەرنىن جول - جولى مەن الىب، بۇۋىندارىن
ۋىسىلەب ايمرىڭىدار. ۋىسىلەب ايمرىۋەمەن جاي ايمرىۋەردىڭ اراسىتىغا
ايمرىماسى سول-مۇندا سوزدەڭ بۇۋىنداارى بىردىن ايمرىلىمالى، ُبىر
بىردىن ساتىلانا ايمرىپلادى.

نۇسقا - دش -

دش - كى

دش - كى قوي -

دش - كى قوي - دى

دش - كى قوي - دى باس -

دش - كى قوي - دى باس - تا -

دش - كى قوي - دى باس - تا - عان -

تىلى جۇڭىزلىرى -

Әр жолын осылай еселеб айырғаннан кейін жолжолы менен, бұуын-бұуыны менен үн қосыб жазғандарыңды оқындар.

1-ескертіу: еселеб айырыу үшін өлең сөз болыуы шарт емес. Өлең сөз, қара сөз – бәрі оған бірдей. Өлеңде сөздер жол-жолы мен алынады, қара сөзде сөздер сөйлем-сөйлемі мен алынады.

2-ескертіу: сөзді дұрыс жазыуды үйреніу үшін сөздің бұуынын дұрыс айырыуды үйреніу шарт. Дұрыс айырыу сөзді не әнге салыб айтқанда не әнге салғандай созыб айтқанда оқайланады. Сондықтан барабақты кезде бұуыны айырылған сөздерді, онан әрі бұуыны айырылмаған сөздерді бұуын-бұуынымен үн қосыб оқыулары қажет.

Сырғанақ.

Бәкен әнгімесі

Ауылдың жанында өзен бар. Боран көбінесе со жақтан болады. Боран көб болған жылы арғы жағасын қар басыб қалады. Жағасына біткен талдардың қардан басы ғана қылтыйыб көрінетін болады. Күртіктің шеті өзен ортасына дейін келеді. Быйыл боран көб. Күртік шеті өзеннің ортасынан да асыб кетті. Жұмаш, Әуеш, Мұрат, мен – төртеуіміз күнде күртікте сырғанақ табеміз.

Жұмаштың әкесі істеб берген ійт шанасы бар. Әзгемізде ійт шана жоқ. Әуеш, Мұрат үшеуіміз отын тасыйтын шананы апарыб, соны мен табеміз.

مار جولىن و سلاي هسه لهب ايمر عاننان كه بىن جول - جولي مەنەن،
بۇئىن بۇۋىنى مەنەن ۇن قوسىپ جاز عاندارىڭدى و قىڭدار.

1 - ەسکەرتىۋ: ھەلەب ايدىرۇ ۇشىن و لەڭ șور بولۇۋى شارت
مەس، و لەڭ șور، فارا șوز- մارى وغان بىردى. و لەڭ ھە سو زەر
جول - جولي مەن ئىننادى؛ فارا سو زەر سو زەر سو يەم - سو يەمى مەن ئىننادى.

2 - ەسکەرتىۋ: șور زى دۇرس جاز دۈزدى ۇبرەندۇ ۇشىن șور زەر
بۇۋىنىن دۇرس ايدىرۇ ۇبرەندۇ شارت. دۇرس ايدىرۇ șور زى نە
انگە سالىپ ايتقاندا، زە انگە سالىعاندای سو زەپ ايتقاندا و كىايلازىدى. سو-

ەقنان باستابقى كەزدە بۇۋىنى ايدىرلىغان سو زەرى، ونان ڭارى بۇۋىنى
ايدىرلىغان سو زەرىدى بۇئىن - بۇۋىنى مەن ۇن قوسىپ و قۇلۇرى قاجەت.

سىر عاناق.

باكىن انگەمىسى.

اۋىلدەڭ جانىنىدا وزەن بار . بوران كوبىنەسە سو
جاقتان بولادى . بوران كوب بولغان جىلى ارعى جاعا-
سەن قار باسىپ قالادى . جاعاسىنا بىتكەن تالدار دېڭ
قاردان باسى عانى قىلتىيەپ كورىنەتنىن بولادى . كۇرتىك
تىڭ شەتى وزەن ورتاسىندا دەيىن كەلەدى . بىمېل بوران
كوب . كۇرتىك شەتى وزەن نىڭ ورتاسىندا اسىپ
كەتتى . جۇماش، أۋەش، مۇرات، مەن - تور تەۋىيمىز كفو-
نده كۇرتىكتە سىر عاناق تەبەهمىز .

جۇماشنىڭ اكەسى سىتەب بەرگەن ئىيت . شاناسى باز .
وز گەمىز دە ئىيت شانا جوق . أۋەش، مۇرات و شەقىمىز
اوتنى تاسىيتىن شانائى اپارىب، سونى مەن تەبەهمىز .

Күн жылыда көб тебеміз, күн сұуықта аз тебеміз. Кеше күн жылымық болды, жаңбыр да сіркіреді, сырғанақты көб тектік. Үстіміз сұу болыб қалған екен, оны үйге қайтарда ғана білдік. Үйге келісі мен кійімдерімізді, етіктерімізді шешіб, жайыб қойдық. Тұні мен кеуіб қалыбы.

Дептеріңнің бетін жоғарыдан тәмен тартқан сыйық берін қақ бөлесіндер де осы әнгімені оң жағына бір рет, сол жағына бір рет көшіресіндер. Оң жағына көшіргенде сыймаған сөздерді тұтасымен екінші жағына шығарасындар. Сол жағына көшіргенде сыймаған сөздерді сыймайтын жеріне дейін жазыб барыб, сыймайтын бұзындарын ғана екінші жолға шығарасындар. Сөз бөлінсе де бұзын бөлінбей, тұтас шығыуы керек.

Нұсқа:

Ауылдың жанында өзен бар.
Боран көбінесе со жақтан
болады.

Ауылдың жанында өзен бар.
Боран көбінесе со жақтан болады.

Қайсысында бос орын көб қалай? Бос орын көб қалмас үшін не істеу керек екен?

§21 Дыбыстар.

Әріптер.
Бұ қай кездे болады?
Күн ұзарыб,
Қар еріб,

کون جىلىدا كوب تەبەمەن. كۈن سۇق بىقتا از تەبەمەن.
كەشە كۈن جىلىمىق بولدى. جا ڭىرسدا سىركىرىدى.
سىر عاناقتى كوب تەبىتكەن. ئۇستىمەن سۇق بولىپ قال
غانە كەن. ونى ۋىگە قايتاردا عانا بىلدىك. فىگە كەلسى
مەن كېيىمەدەرىمەن دى، تىككەتەرىمەن دى شەشىب، جايىب
قويدىق. ئۇنى مەن كەۋىب قالىتتى.

دەپتەرلەرىكىنىڭ بەتىن چوغرىدان تومەن تارقان سىزىق بەن فاق
بولەسىندا رەدە وسى انگىمەنلىك جاعىنا بىر بەت، سول جاعىنا بىر
درەت كوشىر ئىسمىندىر. وڭىشى جاعىنا كوشىر گەندا سىيمىغانان سوزدى
تۇتاسى مەن ھەكىنىشى جولغا شىعاراسىندا. سول جاعىنا كوشىر گەندا
سىيمىغانان سوزدى سىيمىاتىن جەرىنە دەيىن جازىب بارىب. سىيمىاتىن
بۇۋىنداردىن عانا ھەكىنىشى جولغا شىعاراسىندا. سوز بولىسىدە
بۇۋىن بولۇنبەي تۇتاس شىعە كەرەك.

نوسقا:

| | | |
|---------------------------------|---------------------------------|--|
| اۋىلدىك جانىندا وزەن بار. بوران | اۋىلدىك جانىندا وزەن بار. بوران | |
| كوبىنەسە سو جاققان بولادى. | كوبىنەسە سو جاققان بولادى. | |

.....

فابىسىندا بوس ورىن كوب فلاي؟ بوس ورىن كوب فالماش مۇشىن
نە بىنۇ كەرەك كەن.

§ 21 دىلىمىتىار.

أر پىتەر،

بۇقاي كەزدە بولادى؟

كۈن ۋىز أرىب،

قار ھەرب،

Сұу сайларға толады.
 Бұқай кезде болады?
 Күндер ысыб,
 Шөб пісіб,
 Ел пішениң орады.
 Бұқай кезде болады?
 Жауыб жаңбыр,
 Жер сабыр,
 Шөб, жапырақ солады.
 Бұқай кезде болады?
 Сұуда мұз бар,
 Жерде кар.
 Боран бораб соғады.
 Бұқай кезде болады?

Осының ішіндегі сөздерді бұуын санына қарай сұрыптаң, бір бұуындысын 1-інші сатыға, екі бұуындысын 2-інші сатыға, үш бұуындысын 3-інші сатыға жазындар. Бірақ бір рет жазған сөздерді қайта жазбайсындар.

Нұсқа:

| | | |
|--|-------------------|------------------|
| Бір бұуындылар | Екі бұуындылар | Үш бұуындылар |
| | | |
| Бір бұуынды сөздердің ішінде әріптердің санын үстіне жазындар. | | |

سۇقۇ ساييلارعا تولادى.

بۇقايى كەزدە بولادى؟

كۈندەر دىسب،

شوب ئېسىب،

دل پىشەنەن ورآدى.

بۇقايى كەزدە بولادى؟

جاۋىب جاڭبىر.

جەر سابىر،

شوب جاپراق سولادى.

بۇقايى كەزدە بولادى؟

سۇقۇدا مۇز بار،

جەردە قار.

بۇر آن بوراپ سواعادى.

بۇقايى كەزدە بولادى؟

و سىنەڭ نىشىنىدەكى سوزدەردى بۇقىن سانىنا قارايى سۇرپىتاب،

مېر بۇقۇنىدىسىن 1 - نىشى ساتىغا، 5 كى بۇقۇنىدىسىن 2 نىشى ساتىغا،

مۇش بۇقۇنىدىسىن 3 - نىشى ساتىغا جازىڭدار. مېر اق مېر بىرەت

جازغان سوزدى قايتا جازبايسىدىنار.

فۇسقا: مېر بۇقۇنىدىلار 6 كى بۇقۇنىدىلار مۇش بۇقۇنىدىلار

.....

مېر بۇقۇنىدى سوزدەردىڭ دىشىنە ارىپتەردىڭ سانىن و سىتىنە

جازىڭدار.

Пійәнер ұйымының ұсынысы.

Балалар, шекілдеуік шағыуды тастаңдар. Оны шағыудан зыйан көб. Шекілдеуік деген лас нәрсе. Оның жұысатын нәрселерінің бәрі – жұыымайтын нәрселер. Оған жұғатын нәрселердің бәрі таза нәрселер емес. Шекілдеуіктің өзі де жұыымайтын нәрсе. Шекілдеуік шаққанда қабығына жүққан нәрсенің бәрін жалайсындар. Пійәнер ұйымы соны жаламау үшін шақпау керек дейді.

Осының ішіндегі әріптерді теріб шығарыб жазындар. Бір шығарыб жазған әріптерінді екінші рет жазбайсындар.

Бөлек шығарған әріптерінді әліб-бій іретімен тізіб жазындар.

Ескертіу: әліб-бій іретімен жазыу – қысқаша әліб-бійше тізіб жазындар.

Төмендегі сөздерді бас әрпіне қарай әліп-бійше тізіб жазындар.

Ұуық, шаңырақ, кереге, есік, босаға, тайаныш, мандайша, сықырлауық, үзік, дөдеге, ірге, ықтырма, арқан, жүген, ауыздық, тізгін, шылбыр, өмілдірік, құйысқан, тартпа, айыл, тарағы, үзенгі, нокта, қанжыға, жырым, құман, шылапшын, леген, ошак, тұтқыш, ожау, шөміш, тостаған, қасық.

پەيانەر وۇيدىمىنلىڭ وۇسۇنىسى.

بالالار شەكىلدەقىرك شا عمۇدى تاستاڭدار. ونى شاخۇۋدان زىيىان كوب. شەكىلدەقىرك دەگەن بىلاس نارسە. ونمڭ جۇۋىساتىن نار سەلەرنىڭ ئەبارى ئەبىرىتىن نار سەلەر. وغان جۇغااتىن نار سەلەر دىڭ ئەبارى تازا نار سەلەر ھەممىس، شەكىلدەقىركتىڭ وزىدە جۇۋىلما يېتىن نارسە. شەكىلدەقىرك شاققاندا قابىعىنى جۇققان نار سەنلىڭ ئەبارىن جالايسىمندار. پەيانەر ۋېيمىسىنى جالاماق. وشىن شاققاۋىڭ كەرەك دەيدى. وسىنلىڭ رىشمەنەگى ارىپەتەردى تەزىب شەعارىب جازىڭدار، عېمۇ شەعارىب جازىغان ارىپەتەرىڭدى ھەكتىشى بەرەت جاز بايسىمندار. بولەك شەعارغان ارىپەتەرىڭدى ئالىپ - بىدى بەرەتى مەن تەزىب جازىڭدار.

ەسكەر تەق: «الدب - بىدى بەرەتى مەن جازەۋ - قىسقاشا ئالىپ - بىيىشە تەزىب جازىڭدار.

تومەنلەگى سوزىدەرى بىس ارىپىنە قاراي ئالىپ - بىيىشە تەزىب جازىڭدار.

فۇرقى، شاتىمىراق، كەرەگە، دىسلىك، بوساھا، تاييانىش، ماڭدايىشا، سىقىرلا قىقىق، ۋىزىك، دوودەگە، بىرگە، دەققىرما، ارفاڭ، جۇگەن، اۋىزىرىق، تەزىگەن، شىلابىر، وەملەتىرىك، قويىسقان، تارتىبا، أىيل، تارالىعى، ۋەزەنگى، نوقتا، فانجىغا جىرىم، قۇمان، شىلابىشىن، لەگەن، وشاق، تۇتقىمىش، وجاۋ، شوممىش، توستاداعان، قاسىق.

Малдың аттарын әліп-бійше тізіб жазындар.

Білетін шөптеріңің аттарын әліб-бійше тізіб жазындар.

Мектебтегі балалардың аттарын әліб-бійше тізіб жазындар.

Ауыл адамының аттарын әліб-бійше тізіб жазындар.

§22 Дауысты дыбыстар.

Олардың әріптері.

Төмендегі «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңнің әр жолын алыб, бұзындарын еселең айырындар. Соңан кейін әр бұзындағы әріб санына назар салындар.

Кел, балалар, оқылық!

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ікіласпен тоқылық.

Оқыу білген адамнан

Жұмыс қорқыб ығысқан.

Оқымаған адамдар

Жауыр болар жұмыстан.

Адам болар есті ұлан,

Оқыу десе тырысқан.

Жарымес ұлан есерсок,

Оқы десе ұрысқан.

حالدیڭ اتتارىن مالپ - بىيشه مۇزىب جازىڭدار.

بىلەتىن شوبتىرىڭنىڭ اتتارىن مالپ بىيشه مۇزىب جازىڭدار.

مەكتەبەتەكى بالا لاردىڭ اتتارىن مالپ - بىيشه مۇزىب جازىڭدار.

أۋىل ادامىنىڭ اتتارىن مالپ - بىيشه مۇزىب جازىڭدار.

§ 22 داۋىسىنى دىبىستار.

ولار دىلىڭ ارىپتەرى.

تومەنلەتكى «كەل، بالا لار، و قىلىق!» دەكەن و لەكىنىڭ مار جولىن
الىپ، بۇۋىندارىن مەسەلەب ايمىڭدار. سونان كەينىن مار بۇۋىنداعى
خىلپ سانىنا نازار سالىڭدار.

كەل، بالا لار، و قىلىق!

كەل، بالا لار، و قىلىق!

و قىغانىدى كوشىلگە

دەقىلاس بەن تو قىلىق،

و قىچ بىلگەن ادامىنان

جۇممىس قورقىب بىعسقان.

و قىماغان ادامىدار

جاۋىر بولار جۇمىستان.

ادام بولار دىستى فلان

و قىچ دەسە تىرسقان.

جار مەس فلان دەسەر سوق،

و قى دەسەڭ فۈرسقان.

А, о, ұ, е, ы әріптері жағынан не байқалады?

Олардан басқа бір өзі бір бұзын болыб тұрган әріптер бар ма?

Сірә, а, о, ұ, е, ы кіріспеген бұзын бар ма?

А, о, ұ, е, ы әріптерінен басқа жалғыз тұрыб та, бірігіб те бұзын жасаған жері болмаса, бұзын жасайтын қай дыбыстардың әрпі болғаны?

Осы а, о, ұ, е, ы әріптерін айтыб қараңдар, басқаларын айтыб қараңдар. Қайсысы қатты дауыстаб айтыуга келеді екен.

Дауыстаб айтыуга келетіндеріне не деб ат қойар едіндер?

Әріб пен дыбыс екеуі бір нәрсе ме? Дыбысты дауысты әріб деген дұрыс па? Дауысты дыбыстың әрпі деген дұрыс па?

§23 Талғауық дауысшылар.

**О (ø), ұ (ö)
Жазғы кеш.**

Жақаш әнгімесі

Күн батты. Үйге қайтатын ұхақыт жетті. Жүгіре басыб келе жатырмыз. Кешікбей ымырт жабылды. Күн көзге тұртсек көрмейтін қараңғы. Бір мезгілде бір тоб құурай тұсынан көк жиегі қызарыб көрінді. Бұне? Өрт десек, тұуыб келе жатқан ай екен. Оның он жағында төменірек

ا، و، و، ۵، ۴، ۳، ارپندری جامعنان نه بايقلاadi؟
ولاردان پاسقا ُببر ُوزى ُببر بُؤۈن بولىب تۈزۈغان ارپندر بارما؟

مسرا ۱، و، و، ۴، ۳، ۲، مى كىرسىپەگەن بُؤۈن بارما؟

ا، و، و، ۴، ۳، ۲، ۱، ارپندرىنەن باسقلاردى جالىز تۈرىب دا، بىر وىكىب ده بُؤۈن
جاماعان چەرى بولماسا، بُؤۈن جاساپتىن قاي دىبىستاردەك ارپى بولغانى؟
وسي ا، و، و، ۴، ۳، ۲، ۱، ارپندرىن ايتىپ فاراڭدار، باسقلاردىن ايتىپ فاراڭدار
قابىسىسى قاتى داۋىستاب ايتىمۇعا كەلەدى ھەمن .

داۋىستاب ايتىۋە كەلەتىنلەرنە نە دەب ات قوييار ھېشكەر؟

ا رىپ بەن دېپس - ھەمۇئى ُببر نارسىمە؟ دېبىستى داۋىستى ھارپ
دەگەن دۇرپىس با؟ داۋىستى دېبىستىڭ ارپى دەگەن دۇرپىس با؟

§ 23. تالعاۋىق داۋىسىشىلار.

و، و، و،

جازعى كەش .

جاقاش انگىمەسى .

كۈن بانتى، و يىگە قايتاتىن قۇۋاقتى جەتتى. جۇڭىرە
بايسىپ كەلە جاتىمىز. كەشىكىبىي سىمىرت جاپىلىدى .
كۈن كۆز گە تۈرتسە كورىمەيتىن قاراڭىعى ُببر
مەزگەملەدە ُببر توب قۇقراي تۈسىننان كوك جىئىھەگى
قىز ارپ كورىنىدى . بۇنە؟ ورت بە دەسىك، تۇقىب
كەلە جاتقان اى ھەمن، و نىڭ ولڭ جامىندا تومىنەرەك

ауылдың оты жылтылдаб көріне бастады. Әні-міні дегенше, ауылға да келіб қалдық. Алдымен ошақ басында сүт пісіріб отырған әжемді таныдым.

Осы әнгіменің ішіндегі сөздердің, әуелі, басында дауысты дыбыс барларын алыб жазындар; сонаң соң аяғында дауысты дыбыс барларын алыб жазындар; онан кейін басында да, аяғында да дауысты дыбыс барларын алыб жазындар.

Нұсқа:

- 1) басында барлары
- 2) аяғында барлары
- 3) басында да, аяғында да барлары

«Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңнің ішіндегі сөздердің бұуынын айырыб, бас бұуынында келетін дауысты дыбыстарды бір бөлек, айақ бұуынында келетін дыбыстарды бір бөлек, басқа бұуындарында келетін дауысты дыбыстарды бір бөлек шығарыб жазындар.

Нұсқа:

| | | |
|--------------|---------------|----------------|
| Бас бұуында- | Айақ бұуында- | Басқа бұуында- |
| ғылары | ғылары | ғылары. |

Бас бұуынан басқасында келмей тұрған қай дыбыстар?

Бөрік.

Кішкентай Нұрмаш әкесінің беркін кійіб алыб, үлкен кісі болдым деб ойлады.

Үйткенмен бөрік олай ойламады. Нұрмаштың көңіліне қарамастан нақ мұрнына түсті.

اۋىلدىڭ وقى جىلتىلىدا بى كورىئە باستادى. ئازى - مىنى
دەگەنلىك، اۋىلغا دادا كەلىپ قالدىق.

الدى مەن وشاق باسىندا سۇت پىسىرىب و تىمر -
غان اچەمدى تاندىم.

وسى انگىمەنلەن شەمنىڭ سۈزدەردىڭ، اۋەلى، باسىندا داۋىستى
دېبىس بارلارىن الىب جازىڭىدار؛ سونان سوڭ اىياعىندا داۋىستى دېبىس
بارلارىن الىب جازىڭىدار؛ ونان كەيمىن باسىندا، اىياعىندا داۋىستى دېبىس
بارلارىن الىب جازىڭىدار.

نۇسقا: 1) باسىندا بارلارى

2) اىياعىندا بارلارى

3) باسىندا، اىياعىندا داۋىستى بارلارى

«كەل، باللار، و قىلىق!» دەگەن و لەكىنىڭ شەمنىڭ سۈزدەردىڭ
بۇۋەننەن ايمىرىب، باس بۇۋەننەدا كەلەتنى داۋىستى دېبىستاردى بىرىبولەك،
ياق بۇۋەننەدا كەلەتنى داۋىستى دېبىستاردى بىرىبولەك، باسقا بۇۋەننەدار،
انىدا كەلەتنى داۋىستى دېبىستاردى بىرىبولەك شەعارىب جازىڭىدار.

نۇسقا: باس بۇۋەننەدىعىلارى، اياق بۇۋەننەدىعىلارى باسقا بۇۋەننەدىعىلارى

.....

باش بۇۋەننەن باسقا سىندا كەلمىي تۇرغان قاي دېبىستار؟

بورىك .

كەشكەنلەي نۇرماش اكەسىنداكى بورىكىن كېيىب الىب،
ولىكەن كىسى بولدىم دەب و يىلادى.

قۇتكەن مەن بورىك ولاي و يىلامادى. نۇرماشىنىڭ
كۈچلىنە قاراماستان ناق مۇرنىما تۇستى.

Нұрмаш оны да елең қылмай, қолына тайақ алыб, айақтарын маң-маң басыб, ана ауылға қарай жөн түзеді.

Мұны мал қайырыб жүрген Бекбай отагасы көріб қалыб, «Әй, бөрік, біздің Нұрмашты қайда апарасын» деб айқай салғаны.

Бұл әнгімедегі сөздерді де бұзынға бөліб, бас бұзындағы дауысты дыбыстарды, айақ бұзындағы дауысты дыбыстарды, басқа бұзындағы дауысты дыбыстарды алдыңғы нұсқаша бөлек-бөлек жазындар.

Жазғаннан кейін «о» мен «ұ» дыбыстарының әрпі бас бұзыннан басқа орында келетін жері бар ма еken, соны қарандар.

«О», «ұ» бас бұзыннан басқа орында келмесе, не деб қарар жасау?

Басқа дауысты дыбыстар қай бұзын болса да келе беретін болса, «о» мен «ұ» тек бас бұзында ғана келетін болса, бұлар қандай дауыстылар болғаны?

§24 Үнді дыбыстар.

Олардың әріптері.

Егіз мағыналы лебіз.

Ійт үргенге Ырысты үйден шықты. Тайға мінген Ыракым келе жатыр еken.

Тайаныб келіб, «Есен бе, Ырысты!» деді.

نۇرماش ونى داھلەڭ قىماماي، قولىنا تايياق المب،
اياقتارىن ماڭ - ماڭ باسىب انا اوپىلعا قاراي چون
تۇزىدە.

مۇنى مال قايمىر دې جۇرگەن بەكباي و تاعاسى
کورىب قالىسب، ئىي، بورىك، ئىزدىڭ نۇرماشتى قايدا
اپاراسىن دەب ايقاي سالغانى.

بۇل انگىمەدەگى سوزىھەرىدى دە بۇۋىنغا بولىمب، باس بۇۋىندايى داۋىستى
دېبىستاردى، اىياق بۇۋىندايى داۋىستى دېبىستاردى، باسقا بۇۋىندايى داۋىستى
دېبىستاردى الىكىشى نۇسقاشا بولنك - بولنك جازىڭدار.

جازىغانان كەيىن «و» مەن «و» دېبىستارىنىڭ ڭاربى باس بۇۋىننان باسقا
ورىندا كەلتىن چەرى بازما گەن، سونى فاراڭدار.

و، و باس بۇۋىننان باسقا بۇۋىنداarda كەلمەسى، دە دەب قارار جاسلا؟

باسقا داۋىستى دېبىسقار قاي بۇۋىن بواساذا كەله بەرەتن بولسە و، و
تك باس بۇۋىنداانا كەلتىن بولسا، بولار قاندای داۋىستىلار بولغانى؟

24. ئۇندى دېبىستار.

ولاردىڭ ارىپتەرى.

ەگىز ماعانالى لەپىز.

مۇيت ۋىرگەنگە دىستى فيىدەن شەققىتى. تايىحا مەنگەن
براقىم كەله چاتىرى كەن.
تاييانىب كەلمىب، «سىدەن بە، سىستى!» دەدى.

Ырысты ____ Шүкір, қайдан келесін?

Ырақым ____ Айдан келемін.

Ырысты ____ Жоғарылаған екенсін!

Түспейсін бе?

Ырақым ____ Ұзақтым жоқ,

Ырысты ____ Ұзақтың қайда кетті.

Ырақым ____ Ұзақтым айға кетті.

Ырысты ____ Ойыныңды қойсайшы.

Ырақым ____ Ойын емес, ырас, айға барыб келе
жатырмын.

Нанбасаң айдан алыб келе жатқан
мына кітәбым деб, «Қызыл өктәбір»
кітапханасынан алыб келе жатқан
«Оқыу құралын» көрсетті.

Егіз мағыналы лебізben ойнаб тұрғанын Ырысты сонда ұқты.

Осы әнгімеде ұшырайтын дауысты дыбыстарды алмайсындар, басқа дыбыстардың әріптерін теріб шығарыб жазасындар. Бір рет алған әріптерінді екінші рет алмайсындар. (Әр әріп бір ақ ірет алынады)

Сонан кейін теріб шығарған әріптерінің ішінде р, н, л, м, н, у, й әріптерінің айтылытуы қалай, басқаларының айтылытуы қалай, сол жағын тексеріндер. Бірақ дауыстаб айтыуға келмегенмен, айтқанда қайсыларының үні мол? Үні молдарын не деб атаяу?

برستى — شۇكىر . قايدان كەلەسەن؟
 بىراقىم — ايدان كەلەمەن .
 برستى — جو عار بلاعان ھەكەنسىن ! تو سېھ-
 يسىن بە؟

براقىم — ۋۇلاقتىم جوق .
 برستى — ۋۇلاقتىڭ قايدا كەلتى .
 براقىم — ۋۇلاقتىم اىيغا كەلتى !
 برستى — وينىڭدى قويىسايشى .
 براقىم — وين ھەمس ، بىراس اىيغا بارىب
 كەلەجاتىرىمىن .

نابىساڭ ايدان الىب كەلە جاتقان مىناۋ
 كىتابىم دەب، «قىزىل وكتابىر» كىتاب
 قانا سىنا ن الىب كەلەجا تقا ان «وقىچى
 قۇرالىن» كورسەتتى .

ھەگىز ماعانالى لەبىن بەن ويناب تۈرغانىن بىرستى
 سوندا ۋقتى .

وسي انگىمەدە ۋىشرابىتن داۋىستى دېبىستاردى المايىسىندا، باسقا دېبىستار
 دىڭ اربىتەردىن تەرىپ شىعارىب جازاسىندا، مېرى بىرەت العان اربىتەرەنگىدى
 كىمنشى بىرەت المايىسىندا، (مار اىرەپ مېرىاق بىرەت ئەندى).
 سونان كەپىن تەرىپ شىعارىان اربىتەرەنگىڭىشىنىڭ نىشىنە رەڭلەن ۋىي
 اربىتەرنىڭ ايتىلىۋى قالاى، باسقلارنىڭ ايتىلىۋى قالاى؟ سو جامىن تەكسىر-
 بىڭىدر، زاق داۋىستاب ايتىۋا كەلمەگەن مەن، ايتقاىدا فايىسلارىنىڭ ھۇنى مول؟
 ھۇنى مولدارىن نە دەب انان؟

§25 Талғауық үнділер.

р (р), н (ң), у (ұ), й (ى)

Жылы үй.

Жақсы сізге, балалар,
Кысқы кеште ырақат.
Жылы үйде жайланыб,
Отырсындар көңіл шат.
Ызғарлы боран соқса да,
Терезеге тақ да тақ.
Балапандай үйада
Уайым жоқ сізге нақ.

(Міржасақыб).

Осы өлеңде р, н, у, й әріптері сөздің басында келіб тұрған жері бар ма?

Мұнан бұрынғы оқыған өлеңдерінде, әнгімелерінде осы әріптер сөздің басында келген жерлері бар ма? Қарар шығарындар. Сөздің басқа жерлерінде келіб, басында еш ұуақытта келмейтін болса, бұлар орын талғайтын болғаны ма, болмағаны ма? Үнді дыбыстардың қалған екеуі (м, н) қалай? Олар орын талғай ма?

Төмендегі сөздердің теріс жазылғанын алмай, дұрыс жазылғанын алыб, көшіріб жазындар.

Рас – ырас, рақат – ырақат, разы – ыразы, рыс – ырыс, рұу – ұрту, рұм – ұрім, рұқ – ұрық, ңғай – ыңғай, ң..жың, ың – жың, ңғыуыр –

§ 25 . تالعاۋىرق وۇندىلەر.

رڭ ئۇيى.

جىلىي وۇيى.

جاقسى سىزگە، با لالار،
قىسىقى كەشته سرافات.

جىلىي فېيدە جايىلانىب،
وتىرسىندار كوشىل شات.
بىز عارلى بوران سوقسادا
تەرەزەگە تاقدا تاق.

بالا پاندای وىيادا

وۇايىم جوق سىزگە ناق.
(مۇJacib).

وسى ولەكىدە رڭ ئۇيى ارىپەندى مۇزىدەك باسىندا كەلب تۈۋەن
چىرى بارما؟

مۇنان بۇرىقى وقمعان ولەكىدەرئىكىدە، اىكىمەلەرئىكىدە وسى ارىپەندر
مۇزىدەك باسىندا كەلەن جەزلىرى بارما؟ فارار شەعارىكىدار. مۇزىدەك
باستقا جەزلىرىنىڭ، كەلب، باسىندا مش ۇۋافقىنا كەلمىيتنىن بولسا، بۇلار
ورىن نالماينىن بولغانى ما، بولما ئاى ما؟ ئۇنىي دېبىستاردىڭ فالغان كەھىزى
(م ن) ئالا ؟ ولار ورىن نالما ئاى ما؟ نومىزىدەگى سوزىدەردىڭ تىرسىس جازىلغانىن
الىي، دۇرىس جازىلغانىن الدب كوشىرىپ جازىكىدار.

راس - سراس، رافات - سرافات. رازى - سرازى
رسىس - سرسىس، رۇق - فرىق، رۇم - ئۇرمىم، رۇق
فۇرقى، كىغايى .. كىغايى، لڭ .. جىڭ، رڭ - جىڭ، كىغۇمىز.

ұңғыуыр, нір – інір, уақыт – ұуақыт, уәде – үүәде, уәлі – үүәлі, уайым – ұуайым, ине – ійне, иле – ійле, имек – іймек, илі – ійлі, икем – ійкем, иек – ійек, ит – ійт, и – ій.

§26 Сыбысты дыбыстар.

Олардың әріптері.

Аққала.

Ауылдың алды омбы қар.
«Не бар! Қолың домбығар»
Шешелері десе де.
Томпаңдаған тоб бала,
Соқпақ болыб аққала,
Кіріб кетті кесеге.

Қатар-қатар тізілді үй,
Алақай, айғай, күлкі ылғый.
Күлді бірге аққала,
Ерінбесен, бар, қара!
Күліб жүріб көб бала,
Салыб қойды аққала.

(Мағжсан.)

وْكُلْمَوْبِر، مُثْبَر - ئَكْبَر، قَاقِت - وْقَاقيت، قَاادَه -
وْقَاادَه، قَاالى - قُواالى، قَايمَم - قُوايَمَم، يِنَه .. يِنَه، يِلَه -
يِلَه، يِمَه .. يِمَه، كَلْمَك، كَلْمَلَى - كَلْمَلَى، يِكَهَم - يِكَهَم،
يِهَك - يِهَك، كَيَت - عَيَت، كَيَ - كَيَ.

§ 26. سەلەممەستى دىپەستار. ولاردىڭ ارىپەتەرى. اقيقالا.

اوپىلدىڭ الى ومبى قار.
«نە بار! قولىڭ دومېھار»
شەمشەلەرى دەسىدە.
تومەپاڭداسان توب بالا
سوپىاق بولىپ اقيقالا
كەردىب كەتنى كەسەگە.

قاتار - قاتار ئەتمۇلىدى ۋى.
الاقي، ايغايى، كۈلکى بىلەمى.
كۈلدى بىر گە اقيقالا.
درىنبەسەلَىڭ، بار قارا
كۈلپ چۈردىب كوب بالا
سالىپ قويىدى اقيقالا.
(ماعجان.)

Осы өлеңнің ішіндегі сөздерден дауысты дыбыстар мен үнді дыбыстардың әріптерін алмайсындар, басқаларын теріб алыб, бөлек шығарыб жазасындар. Бір ірет алынған әріпті екінші ірет алмайсындар. Алыуға тійісті әріптердің әр қайсынан бір-бірден қалдырмай аласындар.

Сүйтіб теріб алыб жазған әріптерінді айтыб қараңдар. ж, р, с, ш, ғ, г, әріптері мен б, п, т, д, қ, к әріптерінің айтылынуы бірдей ме?

Қайсыларын айтқанда аз да болса сыйыс естіледі? Қайсыларын айтқанда ондай дыбыс та жоқ, тек дауысты дыбыс қосыб айтқанда ғана олардың дыбыстары естіледі? Сыйысы барларын не деб атаяу?

§27 Талғауық сыйыстылар.

ғ (ұ), ғ (қ)

Торпақ.

Жұмбағым да, жұмбағым,
Жорға қара торпағым,
Төскейдегі бетеге
Теріб жеген торпағым.

Дүлей қалың сары қамыс,
Аралаған торпағым.
Атқа сабан салғанда,
Сығалаған торпағым.

Асқа, тойға мінгенде,
Жорғалаған торпағым.

وسي وله كنندگى سوز بوردهن داؤستى دېبىستار مەن مۇنىدى
دېبىستاردىڭ اربىتىرىن المايىسىندار، باسقا لاردىن تەرىپالىب، بولۇك شىمارىپ
جازارسىندار، بىر بورەت ئەنغان اُرپىتى كىنىشى بورەت المايىسىندار، ئۆغا
خېبىمىستى اربىتىرىدىڭ ئار فايىسىننان بىر - بوردهن قالدىرىماي الاسىندار.
ئۇيىتىپ تەرىپالىب جازاغان اربىتىرىدىڭ ايتىپ قاراڭىدار. جى سەعەك
دېپنەرى مەن بىپ تەدقىك اربىتىرىنىڭ ايتىلىقى بوردەيە؟
فايىسلارىن ايتقاندا اۇدا بولسا سېبىس مەستىلەدى؟ فايىسلارىن ايتقاندا
وندای سېبىس تا جوق، تەك داؤستى دېبىس قۇسىپ ايتقاندا ئانىا ولاردىڭ
دېبىستارى مەستىلەدى؟ سېبىسى يارلاردىن نە دەپ ائلۇ؟

§ 27. ئالعاۋەق سەدبىسىنلار.

ع. گ.

تۈرپاڭ.

جۇمباۇيمدا، جۇمباۇيم،
جورعا قارا تۈرپاۇيم،
تۈسکەيدەگى بەتهگە
تەرىپ جەگەن تۈرپاۇيم.

دۇلەي قالىڭ سار قامىسى

أرالاغان تۈرپاۇيم.

اتقا سابان سالغاندا،

سەحالاغان تۈرپاۇيم.

اسقا تو يىغا مىگەندە

جورعالاغان تۈرپاۇيم.

Оқыра құуыб кеткенде
Қорғалаған торпағым.

Кешегі күн кешінде,
Бұғунгі күн бесінде,
Қара қасқа торпағым
Жоғалыб тұр қорқамын.

Осындағы әрпі неше ірет келіб тұр? Гәрпі неше ірет келіб тұр? Сол әлденеше ірет келіб тұрғанда сөздің қай жерінде келіб, қай жерінде келмей тұр?

Сөздің басында келіб тұрған жері бар ма? Сөздің аяғында келіб тұрған жері бар ма? Жалғыз бұл өлеңде емес, бұрын оқыған өлеңдерінде, әнгімелерінде да, гәрілтері сөздің не басында, не аяғында келген жері бар ма?

Даулы аттар.

Мұғалым мектебке жаңадан кірген балаларды оқыу бөлмесіне отырғызыды. Күүәлік қағаздарын жыйыб алыб, балалардың аттарын тізіб отырды. Бір сыпыра қағаздардың басына «күүәлік» дегеннің орнына «күүәлік» деб жазған екен. Қағаз ійелерінен мұны кім жазды деб сұрады. Қағаз ійелері – атком қатшысы үйде болмай, молда жазыб еді деді.

Молда жазған күүәліктердің ішінен мынадай аттар шықты: Фалый, Фабдолла, Ғұбайдолла, Фабдырақыман, Фалый асқар, Фабды ғапар, Ғабдулмәжійт, Фабды қалық, Гүлнар, Гүлзійпа, Гүләндем, Гүлжамал.

Мұғалым бұлардан – Ата-аналарың қалай атайды деб сұрады. Ата-аналарының атауы екінші түрлі болыб шықты.

و قمرا قوقوب که تکهندہ
قور عالاعان تور پا عهم.

که شهگی کون که شهندہ،
بو گونگی کون به سمندہ
قارا قاسقا تور پا عهم
جو عالیب تور قور قاهمن.

وسندا یار بی نهشہ برهت که لب تور؟ گی یار بی نهشہ برهت که لب تور؟
سول الدہ نهشہ فورت که لب تور عالیدا موزدیک قای جه رندہ که لب
قای جه رندہ که امی تور؟

Жалғыз пішінді әріптен сөз сүгіретін кіретін өзгерісі аз. Орыстың жуандық белгісін тастағандығысындағанда ғана сөз сүгіреті өзгереді. Оны алғаннан түсетін пайда есепсіз көп. Пайдасының есепсіз көптігі сол:

Әуелі, баспа әрпін кемітіп, татарлардікін 30–31-ге түсіреді. Біздікін 24–25-ке түсіреді.

Екінші, әріп жасау жұмысын женілдетеді (понсон, матрисса³* жасау).

Үшінші, өнер құралдарына қоюға өте ынғайлыш.

Төртінші, үйрету, әріп тери, басқанды түзету істерін женілдетеді.

Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатынымыз – жалғыз-ақ сөз аяғында созып кеткеннен шыққан әріп құйрығы. Оナン басқа шығатын шығын жоқ. Енді латын әрпімен екеуін теңестіріп қарайық.

Латын әліп-бийнде әріп ұлылы-кішілі болып, екі-екіден келеді. Латын жүйелі әріптер баспаға әбден икемделген, ол икемделуі Еуропа жұрттарының өздеріне дайар болғанмен, бізге дайар емес. Түрік жұрттары олардың даяр тұрғандарын сол күйінде алып пайдалана алмайды. Үйткені – латын әрпін өзгертпей алуға болмайды. Ең кем болғанда 25–30 % өзгертіліп алынады. Латын әрпін өзгертпей алуға болмаса, латын әрпі орнатылған машиналарды да өзгертпей сол күйінде алуға болмайды. Оның мағанасы – өзгертпестен ешбір жазу машинасын, еш әріп тери машинасын алып, пайдалануға болмайды деген болып шығады.

Бір жақтан ол солай болса, екінші жақтан түрік жұрттындағы қалалардың баспаханаларында өзгертпеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Қызылорданыбылай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды.

³ Әріп қалыптары.

سوڭىنىڭ چوباسى قولالىلى بولىپ باسىقانالازغا ئىنادى. بولار باسيا ازىپىن ەكى پىشىنگە عانا تۈسىرىپ، كاسىي ئىپاسىن 50 كە جەنگىزىكەن (قازانلىكى 41) مۇنىن مەن قاتار ازىپ ئاڭبىلاردىن گۈراق پىشىنلىق تەنە ئالابى تۈقىتمائى سەرلە بىردى. اقىمعىندا سول ئالابىنان تولىپ جانقان جوبالار تۈۋادى، سول جوبالاردىك دېشىنەن قازاندا بولغان اناؤگى كەڭىس ازىپ ئاڭبىلاردىن ھېر پىشىنگە تۈسمىرگەن جوبالاردى ئاملاكىدى. ونداي جوبالار الپار ڈىلىكى، قوتاي ڈىلىكى، شاراب ڈىلىكى، ھەرسىن ڈىلىكى.

جالعىز ەيىشىنلىدى ازىپتەن سۈز سۈگۈرەتىنە كىرەتتۈن وزىگەرسى از. وردىس - تەنك چۈۋاڭىدىق بىلەكىسىن ئاستاغاندا امىشىنلىدai عانا ھۆز سۈگۈرەتى وزىگەرەدى. ونى ئاخاننان تۈسەتتۈن پايدا سەپسەز كوب. پايداسىنىڭ سەپسەز كۆپتىكى سول -

اچەلى، باسيا ازىپىن كەمىتىپ، ئاتارلاردىكىمن 30 - 31 كە تۈسمەدە. بىزدىكىن 24 - 25 كە تۈسمەدە.

ەكىنىشى، ازىپ جاساۋ چۈممىسىن چەڭىلدەتىدە. (پۇنسون، ماندىرسى¹) جاساۋ.

ەكىنىشى، ونەر قۇرالدارىنا قويىمۇعا وته نىڭعلەلىن، مەتۈر تىنىشى، ئۆزەتتىن، ازىپ تەرىدە، باسقاندى تۈزەتتۇ سەتەرىن چەڭىلەتىدە.

وستىشاما پايداسىنىڭ ورنىنها ھېزىدىك جوعالىنان ئۆنمىز - جالعىز اى ھۆز ايامىندا سۈزىپ كەنگەنەن شەققان ازىپ قوبىرىسى. ونان باسقا شەغاننى شىعىن جوق. ئەندى لانىن ازىپى مەن ەكەۋەن ئەڭىستەرەپ قاراپىق.

لانتىن ئالىپ - بىيىنەنە ازىپ ڈىلى - كىشىلى بولىپ، ەكى - ەكىدىن كەلەدى. لانتىن جۈپىلى ازىپتەر باسپاھا ھابدان يىكىمەدەللىكىن ول بىيىكەنەلەلۆزى ازىپبا جۈرۇن تارىنىك وزەدەرنە دايىار بولغان مەن بىزىگە دايىار مەمسى. تۈرىك جە - دىتتارى و لاردىك دايىار تۈرغاندا من سول كۆپتىنە السب پايدالاتا ئايىدى. ئۆيتىكەنلى - لانىن ازىپىن وزىگەرتىبىي الرۇعا بولمايدى. ھەن كەم بولغاندا 30-25 % وزىگەرتىلىپ ئىنادى. لانىن ازىپىن وزىگەرتىبىي المۇعا بولماسا، لانىن ازىپى ور- ئانلىغان ماشىپىنالاردىدا وزىگەرتىبىي سول كۆپتىنە المۇعا بولمايدى. ونىك ماعانىسى وزىگەرتىبەستەن مىش ھېر جازىء ماشىپىناسىن، مىش ازىپ تۈرىدە ماشىپىناسىن السب، پايدالانۇمۇا بولمايدى دەگەن بولىپ شىعادى.

ھېر جانقان ولى سولاي بولسا، ەكىنىشى جانقان تۈرىك جۈرۈن ئەندا ئالالاردىك باسىقانالارنىدا وزىگەرتىبەكەن لانىن ازىپى دە جەنگىلەكىنى كۆپىدە تاپىلمايدى. قىزىل وردانى بىلاي قويىپ، قازان، ھۇپى، ئاشكەنلىق، سالارقان شارلمۇننەدە ئاپىلمايدى.

(1) ازىپ ئەلپتارى

Әзербайжан латыншылдарды латын әрпімен әліп-би жасап, бастырыын дегенде, ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаган. Басқа жерден жасатып алдырганша 5–6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. 40 кіслік курс ашқан.

Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-бій бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сиақтылары оп-оңай дайын қып ала алмас.

Әзербайжанның латын кассысында 46–47 үйа бар. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Латындікін алғанда қазақ кассысында 46–46 үйа болмақ. Бұл араб әрпінің 3-нші түзелген күйіндегісінен төмен болып шығады (Бұрнашұлы мен Тоқайұлының түзетуі). 3-нші түзету бойынша қазақ кассында 41 үйа болмақ. Соңғы түзету бойынша кассымыздан үйа 24–25 ғана болады. Ол латындікінен 2 есеге тайау аз болмақшы.

Латын әрпінің баспаға сыйымы туралы қолымызда мағлұмат болмағандықтан, орыс әрпінің сыйымы тұрасындағы мағлұмнұстарды алып салыстырамыз. Өйткені – орыс әрпі мен латын әрпінің арасында айырымы аз, екеуі бір жүйелі әріп.

Қалыпты баспа табағына⁴* орысша 12-кегелмен⁵ шпонсыз⁶ жиғанда, 10-кегелмен шпондан жиғанда, 40 мың шамалы әріп сияды. Бұл кітаптар үшін жиғанда. Газеттер үшін 10-кегелмен шпонсыз жиғанда 50 мың шамалы әріп сыйады.

Араб әрпінің ескі күйіндегі қалпында – 12-кегел «нормал» түрі мен шпондан жиғанда, 40 мың шамалы әріп сияды, 14-кегелмен шпондан жиғанда, 32–35 мың шамалы әріп сияды. 3-нші түрде түзелген әріптен сол шамалы сияды. Соңғы түзелген түрдегі әріптен 10-ншы кегелмен шпондан жиғанда 54 мың кітап жә газет әріп сияды. 8-нші кегелмен шпондан жиғанда, 65 мың шамалы әріп сыймақ.

Ескі әріппен, үлкен кассымен тіреу салып жиғанда, күндік жұмыстың өнімі орыстікінен 10–15 % төмен болады екен. 3-нші түрде түзелген әріптен жұмыс өнімі орыстікінен артық та емес, кем де

⁴ Баспа табақ жазба табақты» 4-ндей.

⁵ Әріпті» бөлігі.

⁶ Шпон – әріптерді ыдырататын сына.

عازبر - بايجان لاتينشيلداري لاتن هاربي هن الـ - عبي جاساب، باستراين ده گهنه، هش عبمو شاريـنه لاتن هارپـن تابـ المـاعـنـ. باـسـقاـ جـهـرـدهـنـ جـاستـنـبـ الـدـيرـعـانـشـاـ 5 - 6 اي وـتكـهـنـ. هـارـبـ كـهـلـگـهـنـ سـوـافـ، لـاتـنـ هـارـبـ هـنـ هـرـكـمـنـ تـدـرـهـ بـلـعـتـونـ اـدـامـ قـابـلـمـاعـنـ. 40 كـيـسـلـمـكـ كـورـسـ اـشـقـانـ.

كـوبـتـهـنـ كـهـلـهـ جـاتـقـانـ لـاتـنـشـيلـدارـيـ بـارـ، جـهـتـمـلـگـهـنـ كـهـنـتـ مـادـانـمـيـاتـيـ بـارـ، وـنـدـرـلـيـ كـهـسـسـيـ بـارـ عـازـبرـ - باـيجـانـ يـقـتـارـ الـدـبـ - عـبيـ باـسـتـمـرـدـعـاـ سـوـتـشـاماـ اـفـرـهـشـيلـمـكـ شـهـكـسـهـ، باـسـقاـ تـورـمـكـتـهـرـ اـسـهـمـهـ هـبـمـزـدـكـ قـازـاقـ سـيـمـاـقـتـمـلـارـيـ وـبـ - وـكـايـ دـايـنـ قـبـ الـماـسـ.

عـازـبرـ - باـيجـانـدـكـ لـاتـنـ كـاسـسـمـسـنـدـهـ 46-47 ڈـيـباـرـ، ڈـلـىـ تـوـرـنـكـىـ دـهـ كـمـشـىـ تـوـرـنـكـىـ دـهـ عـبـارـيـ سـوـنـدـ. لـاتـنـدـكـنـ العـانـدـاـفـارـاقـ كـاسـسـمـسـنـدـهـ 46-47 ڈـيـباـرـماـقـ. بـولـ اـرـابـ هـارـپـنـدـكـ 3 بـنـشـىـ تـوـزـهـ لـكـهـنـ كـهـيـنـدـهـ گـيـسـهـنـ تـوـمـهـنـ بـولـبـ شـمـعـادـيـ. (بـورـنـاشـ ڈـلـىـ هـنـ تـوـقـايـ ڈـلـنـدـكـ تـوـزـهـتـهـ). 3 بـنـشـىـ تـوـزـهـتـهـ بـوـيـنـشـاـ قـارـاقـ كـاسـسـمـسـنـدـهـ 41 ڈـيـباـرـماـقـ. سـوـگـئـيـ تـوـزـهـتـهـ بـوـيـنـشـاـ كـاسـسـمـيـزـدـكـ ڈـيـباـ 24-25 عـانـاـ بـولـادـيـ. وـلـ لـاتـنـدـكـيـنـهـ ھـكـيـ مـهـسـهـگـهـ تـايـاـزـ بـولـماـشـىـ.

لاتـنـ اـرـپـنـدـكـ باـسـبـاعـاـ سـيـمـيـمـ، تـوـزـهـالـىـ قـولـمـزـدـاـ مـاعـلـمـؤـمـاتـ بـولـماـعـانـدـيـقـتـانـ وـرـسـ هـارـپـنـدـكـ سـيـمـيـمـ تـوـزـهـاسـنـدـاعـيـ مـاعـلـمـؤـمـاتـقـارـادـيـ الـدـبـ سـالـدـسـتـرـامـنـ: ھـيـنـكـهـنـيـ - وـرـسـ اوـپـيـ هـنـ لـاتـنـ هـارـپـنـدـكـ اـرـسـمـدـاـ اـيـمـيـمـيـ اـزـ: ھـكـهـيـ ھـبـرـ جـوـيـهـلـيـ هـارـبـ.

قالـبـتـيـ باـسـاـ 1) نـابـعـمـنـاـ وـرـسـمـاـ 12 - كـهـگـلـ 2) هـنـ دـشـبـونـسـزـ 3) جـمـيعـانـدـاـ 10 - كـهـگـلـ هـنـ دـشـبـونـدـابـ جـمـيعـانـدـاـ 40 مـلـكـ شـامـالـيـ هـارـبـ سـيـمـيـادـيـ. بـولـ كـيـنـاـتـارـ ۋـشـمـنـ جـمـيعـانـدـاـ. كـاـزـهـتـهـ ۰۹ـشـمـنـ 10 - كـهـگـلـ هـنـ دـشـبـونـ ۰۹ـشـمـنـ جـمـيعـيـنـدـاـ 50 مـلـكـ شـامـالـيـ اـرـبـ سـيـمـيـادـيـ.

ارـابـ هـارـپـنـدـكـ سـكـيـ كـهـيـنـدـهـ گـيـ قـالـبـتـنـداـ 12 - كـهـگـلـ «ـنـورـمـالـ»ـ عـتـورـىـ هـنـ دـشـبـونـدـابـ جـمـيعـانـدـاـ 40 مـلـكـ شـامـالـيـ هـارـبـ سـيـمـيـادـيـ. 14 - كـهـگـلـ هـنـ دـشـبـونـدـابـ جـمـيقـانـدـاـ 35-321 مـلـكـ شـامـالـيـ هـارـبـ سـيـمـيـادـيـ. 3 بـنـشـىـ تـوـدـهـ تـوـزـهـ - كـلـهـنـ اـرـپـتـهـنـ سـولـ شـامـالـيـ سـيـيـادـيـ. سـوـگـئـيـ تـوـزـهـلـكـهـنـ تـوـدـهـ گـيـ هـارـپـتـهـنـ 10 بـنـشـىـ كـهـگـلـ هـنـ دـشـبـونـدـابـ جـمـيعـانـدـاـ 5 مـلـكـ كـيـتـابـ، جـاـكـاـزـهـتـ هـارـبـ سـيـيـادـيـ. 8 بـنـشـىـ كـهـگـلـ هـنـ دـشـبـونـدـابـ جـمـيعـانـدـاـ 65 مـلـكـ شـامـالـيـ هـارـبـ سـيـمـيـادـيـ.

سـكـيـ هـارـبـ بـهـنـ ۋـلـكـهـنـ كـاسـسـيـ هـنـ تـمـرـهـ سـالـدـبـ جـمـيعـانـدـاـ كـهـنـدـكـ چـوـمـسـتـمـكـ عـونـمـيـ وـرـسـتـمـكـيـنـدـ 10 - 15 ٪ تـوـمـهـنـ بـولـادـيـ ھـكـهـنـ. 3 بـنـشـىـ تـوـدـهـ تـوـزـهـلـكـهـنـ هـارـبـ بـهـنـ چـوـمـدـسـ عـونـمـيـ وـرـسـتـمـكـمـهـنـ اـرـتـقـيـداـ هـهـمـ 50

(1) باـسـاـ تـابـاقـ جـازـياـ تـابـاقـلـكـ 4 مـنـدـهـ

(2) اـرـجـيـشـكـ بـولـكـيـ

(3) مـشـيـونـ ۴ـلـمـيـتـرـدـيـ مدـيـرـاتـقـتـونـ سـناـ

емес – шамалас болған. Ең соңғы түзелген түрдегі әріппен жиганда, жұмыс өнімі орыстікінен 10 % асқан.

Сүйтіп, баспа жағынан ескі әріп латындікінен төмен болып, түзетілген әріп артық болып шығады.

Араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлығына келсек, оған ескі әріп те жарайды. Бакуде шығатын «Коммунистер» газеті Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр. Түзетілген жана әріппен бір түгел, екі сүгіретті әріп қойылып машина шықпак.

Енді көркемдік мен көзге жайлыштық жағынан бір-екі ауыз сөз айту қалды.

Көркемдік деген әркімнің қоңіл талғауына қарайтын нәрсе, бірақ Еуропа жазушылары латын әрпінің пішіндеме сзықтары сиақты көзге көсө көрінетінін, араб әрпі сзығы түрлі болғандықтан, көзге көркем шырайлы көрінетінін айтқанын білеміз.

Көзге жайлыштық жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жә басылған сөз онай оқылса, сол әріп көзге зиансыз жәйлі болуға тиіс. Үйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын окуға онайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып отті.

Әншіейін үстін қарағанда араб әрпін түзету ісі дағдылы, калыпты нәрсе сиақты болып көрінеді де, тұра басқа әріпті алу төңкеріс есебіндегі нәрсе сиақты болып көрінеді. Төңкеріс немесе үлкен өзгеріс есебінде болып шығу үшін жасаған өзгерістен өнетін үлкен пайда болу керек.

Латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ.

Еуропа жүртімен бірдей болу мақсатпен аламыз десек, алу қынын болған себепті орыстар айақ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылmasақ та болар.

Латын әрпі сыйпыр түрдегі таңба болса, әріп бірлестіру жағын сөз қылуға болар еді. Сыйпырды кім жазса да түсінеміз, түсіне беретін латын сыйпыр сиақты жә қытай жазуы сиақты жазу таңбасы емес.

Басқалармен ымыраластыруға келетін жерде ісімізді ымыраластырамыз. Мәселен, мана сыйпыр жазуын бетендерге қарап солдан онға қарай жазамыз дедім. Оны олай жазу біздің жазу бағдарымызға теріс ынғай келеді.

هەمس - شامالاس بولغان، دە - وڭەن نۆزەلگەن تۈرەدە كىي ھاربى بەن جىيغاندا جۇمەس ھونىمىي ووسىتىكىنەن 10/0٪ اسقان. ھۇرىتىپ ياسىا چاھىنەن مىكى ھاربى لاقىندىكىنەن تۈمەن بېلىپ، نۆزەتلەكەن ھاربى ارىتىپ بېلىپ شىعادى.

اراب ھارپىن تەۋۋە ماشىنىاسىنا ورناتىۋ جاھىنەن قولايلىمعىنا كەلسەك، وغان مىكى ھاربىدە جازايدى. باڭىدە شەھانىن «كۆمەندىس» كاڭەتى امۇرىكىدەن الدىرغان مىكى ھارپىنى تەۋۋە ماشىنىا مەن تۈرىلىپ شىعىب وتر، نۆزەتلەكەن جاڭا ھارپىدەن بېمۇ تۈكىلە كىي سۇڭىرەتى ھاربى قوبىساپ ماشىنىا شىقباق.

ئەندى كوركەمدىك بەن كۆز كە جاپىلىقى جاھىنەن بېر - كىي اۇزىز ھىزىز اپتەن قالىرى.

كۆرکەمدىك دە كەنەن ھار كىيىنكى كۆكىل تالمازىندا تازا بىتۇن نارسە، بېرىانلى ئۇرپىا جازاپشىلارى لاتىن ھارپىنىك پېشىندە سەزىقتارى سېياقتى كۆز كە كۆسە كورىنەتتۈن، اراب ھاربى سەزىسى مۆزۈلى بولغاندەقان كۆز كە كۆر كەم شەراپلى كورىنەتتۈن اپتەن بىلمىز.

كۆز كە جاپىلى بولۇجى جاھىنەن كەلسەك، مۇندا قاي ھاربى بەن جازىلىغان جا بالىلەن سوز وڭاي وقلسا، سول ھاربى كۆز كە زېيانسىز جاپىلى بولۇغا تىپىس: ۋېتكەنلى ونداي ھاربى كۆزدى تالىدەمایدى. كۆزدى تالىدەرمىتۇن وقۇغا وڭاي - لەقى جاھىنەن ارب ھاربى لاقىندىكىنەن ارىتىق كەنلى اپتەلەپ ھەتنى.

انشىپىن ھۆستەن قاراعاندا اراب ھارپىن تۆزەتەنۋ سى داھىدىلى، قالىبىنى فارسە سېياقتى بولىپ كۆرۈندىدە، تۆزۈرلا باسقا ھاربىنى المۇ توشكەرسى - بىندە كى نارسە سېياقتى بولىپ كۆرۈندىدى. قوڭىكمەرسى، نەھەسە ئۆلکەن وزگەرسى، سەھىنە بولىپ شەعىۋ ھۈشىن جاھىنەن وزگەرسىن ونەتۇن ڈىلەن پايدا بولۇ كەردە.

لاتىن ھارپىنەن ونەتۇن ڈىلەن پايدا تۈكىلە، كىشكەندە پايدا جوق. ئۇرپىا جۈرتى مەن بىرەدە بولۇ ماقسات بەن الامز دەسەك، كەنلىقىن بولغان سەدەپتى ووسىتار اپاي ياسىبىاي وقىرەنەندا، بېز سول ماتىسان بەن دەستەيمىز دەب اپتەنەن داشتا ورنى يارلىقىن سوبىاب، كوب ھىزىز قىلىماسابىدا بولار.

لاتىن ھاربى سېبىپر تۈرەدە كى تاكىبا بولسا، اربى بىرلاشتىرىۋ جاھىن سوز قىلىۋەما بولار ددى. سېبىپردى كەم جاوسادا تۆسەنە مەز تۆسەنە بىرەتۇن لاتىن اربى سېبىپر سېياقتى جا قىتاي جازىۋى سېياقتى جازىۋ تاڭبىسى ھەمس، باسقا لازىمن مەرلاستىرۇندا كەلەتۇن چاردە سەمىزدى بىرلاستىرۇمۇز، ماسىدلەن، ماانا سېبىپر جازىۋىن بۇتەندەر كە قاراب سولدان وڭما قاراي جازىامۇز دەددەم، ونى ولايى جازىۋ ھېزىدىك جازىۋ بادار بەمىزە تەرسىس بىڭمايى كەھەدى:

Бірақ теріс ынғай болғанмен, қолайсыздығы аз болған соң, көптен шықпас үшін істеп отырмыз.

* * *

Жер жүзінде бірдей әріппен түрлі тілді жұрттардың жазуын бірлестіру керек болса, онда қытай жазуын алу керек. Оны алсак, онымен кім жазса да түсінесің. Латын әрпін алғанмен, өз тіліндегі мен өзге тұқымдас тілдегі ғана нәрселерді түсінесің. Оны латын әрпісіз де істеп отырмыз.

Жаңада бір айттын сөз: латыншылдар екі әріпті салыстырғанда, араб әрпін байағы Италия бұзған түрінде алып, түзетілген әріп жағына әдейі жуымайды. Латынға алмастырғаннан енетін пайдала көп болса немесе латын әрпін алу машақты, шығыны араб әрпін түзетуден аз болып шығатын болса, олардың түзетуді менсінбей, латынмен болуы жөн дер едік. Ол жоқ. Араб әрпін түзетуге кететін шығын мен еңбек латынға көшу бейнеті мен шығыннан мың емес, миллион есе кем екені айрықша есеп қылмай-ак айқын нәрсе.

Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы корытынды мынау: 1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады. 2. Саят ашу жүзінде араб әрпінің қолайлығы латын әрпінен артық. 3. Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен тәмен, жаңасы артық. 4. Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр. 5. Араб әліп-бійінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сүйтіп, екі әріпті салыстырғанда, сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселеін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді. Бұ сиақты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қыйал деп білемін.

Әліп-би түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кездे істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Еуропа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз. Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр.

Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызыға жұмсауымыз жөн емес пе деймін.

Ақымет
Әліпбек айттысы. Қызыл Орда, 1927.
Б. 16—29

عبراون قهربس نگعاي بولغان مهن قولايسمزديعی از بولغان سوئه کوبنهن شمقباسن
هؤشن دسته وتمهمنز.

جهه جوزينه بمردهي عاربيهه نژولى عنلدى جورتارديك جازبئون بيرلهـــ
تمروه كهرهك بولسا، وندانه فتاي جازبئون الم كهرهك، وني الساشه، وني معن
کيم جازсадا توسينهسن. لاتن عارپين العلن مهن عوز تلمكده کي مهن وزكه
تقىقىداش تىلەگى عانا نارسەلەردى توسينهسىن. وني لاتن عارپىمىزدە ستهب
وتىرمىز.

جانادا عبر ايناثون سوزۇ: لاتنىشلدار ارابىكى عارپىتى سالستيرغاندا اراب
عارپىن باياىي بيتالى بوزغان تۈرىنده الس، تۈزەتلىككىن عارپىجاعىنا ادھىبى
جۈزۈ، ايلى. لاتنغا الماستيرغاندان ونەتۇن پايدا كوب بولسا، ئەممە لاتن
عارپىن الم ماشاقانى، شىعىنى اراب عارپىن تۈزەتىۋەدن از بولىپ شەغانۇن بولسا،
ولاردىك تۈزەتىۋەدى منسىنەي، لاتن مەن بولىمۇ عچون دەرەتك. ول جوق.
اراب عارپىن تۈزەتىۋەگە كەتفۇن شىعىن مەن كېبىك لاتنغا كوشۇپ بىعنەتىمەن
شىعىننان مەك مەمس، مۇلەيەن سە كەنەن كەنەن ئەرسىقاشا سەب قىلىماي انى
ايقىن نارسە.

ماناعىدان بىرگى اينلەغاننىڭ بارىنەن جاسالانۇن جالپى قورىتىن مەنلە:
1. اراب عارپى لاتن عارپىنەن جازبئغا، وقۇغا وكتاي. ونسىن ساۋاتنى
ادامداردىك كۈننەكى عىسىنەن جوزىنە كوب پايدالى بولىپ شەعادى.
2. ساۋات اشىء جوزىنەدە اراب عارپىننىڭ قولايلىقى لاتن عارپىنەن
ادتنق.
3. بىسما عسى جاعىمان اراب عارپىنەك سكمى لاتن عارپىنەن تومەن،
جاڭاسى ارنقق.

4. ماشىنالۇغا ووناتىۋغا اراب عارپىنەك حاڭاسى لاتنىدىكىنەن انا عەرلىم
أرزمىق، سكىسىدە ووناتىۋغا كەلتۈرنىن سىز كورسەتىپ وتمر.
5. اراب عالىپ - عىبىيەنەك عارپىنەن فازاق عنلەننىڭ دېبىستانىدا تولىق جەت
كىلىمكى، قاندای مەلە جاساۋىنادا كەلدەي. فازاق مەلسى زاعىز وكتاي، بۇ فارغا
قولايلىق مەلە.

سۈپىتىپ هى عارپىتى سالستيرغاندا ساب - ساز، اب - ايقىن كۆزگە
كۈرەتىپ تۈرغان سىندارىي عارپى الماستىرىۋ ماسەللەسىن دارپىتىپ كۈنەرەتىپ
ورىن جوقىمعن كورسەتىدى. بۇ سەيافقى ماسەللەنى كۆتەرپ، ئۆۋاقتىن شەھىن
قىلىمپ جۈركەندر بولسا، ونى ھىتكەن ادامداردىك ھەمەكى سېبىنەكى كى قۇر
قىيال دەپ بىلەمن.

عالىپ - عېي تۈزەۋ، مەلە تۈزەۋ جاعىنان سوڭىسى كەزىدە دىستەلەكىن دىستەر
چەممىتى بولىپ، بۇ جاعىنان عېز اوپىپا، امەرىيەكە جورتارىنەك، الدىندا تۈرمىز.
عارپىتى ونەر قورالدارىنا يېكەمە جاعىناندا واردان اسراناتۇنمىزغا كۆز
جەتىپ وتمر.

سولاي بولغان سوئه از كۈشىمىزدى الغا شىققان جاقتاغى كەرەكسىز سكە
صالىعاشا، باسقادان كەپىن تۈرغان جاعىمەزغا جۈمساۋايمىز عچون مەمس بە
دەيمىن.

جاڭا الديبىه جايىندا

نه وقىۋى كەرەك .

1. تۈرە قول ئىلى «عنابر» «جاڭا الديبىه بىزگە نە ھۇشىن كەفرەك» قازاقشا.
2. «ياڭا لىب» جورنالى، قازاندا نوعايىشا شمعادى، ايلقى.
3. «ياڭىلىق» جورنالى، ۋۆپادا باشقۇرقىشا شمعادى، ايلقى.
4. «ياڭى يول» سىمازەتى باقىۋىدا، ازازبايجان تۈركىنىك تىلىنىدە (جاڭا الديبىه مەن)
5. «اعازادا» تۈرىك تىلىدىرنە «اراب ارىبەتىرى نە ھۇشىن جارا- مايدى؟» ازازبايجان تىلىنىدە.
6. «قۇيىرۇقتى جانا قۇيىرۇقسىز ارا بشىلدار» ق-ازاندا نوعايى تىلىنىدە باسلىغان كىتابشا.
7. «جاڭا الديبىه گە تامان» قازاندا نوعايىشا باسلىغان كىتابشا.
8. «جاڭا الديبىه تارتىسى» ورسشا («عنابر»، اعمالى ئىلى، بىروپىدو، ناؤشارىۋان، جانا ياكۇبلۇم، جىمىركوب پىراپەسسىۋىلار ما قالا لارى).
9. «جاڭا الديبىنى جاقتاب» ورسشا، اعمالى ئىلى جازغان.
10. «نۇرىكەن مەلک مەرىنىك كەمدىرىمە سەتكە مادەنېيەت مۇقناھى» ورسشا، اعمالى ئىلى جازغان.
11. «ازازبايجاندا جاڭا الديبىه بىسکە ق-الاي استى» ورسشا، اغا زادا جازغان.
12. «ذۈرىكشىلدەردىك عېرىنىشى قۇرمۇنابى» ورسشا.
13. «الديبىه ايتىسى» قازاقشا.
14. «جاڭا الديبىه جولىنىدا» قازاقشا.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

МАҚАЛАЛАР

1923–1929 жылдар

ҚАЗАҚША ЖАЗУ ТАҚЫРЫБТЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР¹

1. Дауысты «ى» нұктесіз «ى» (й) хәрпімен жазылады: жарты дауысты «й» астынан екі нұкте қойылып «ى», «ى», «ى» хәрфімен жазылады. «» хәрпі бітей бұзында ғана жазылмайды. Бас бұзын ашық болса, онда да қалмай жазылыштың отырады. «» бас бұзында жазылмайды деген ереже бұзылады.

2. «ڙ» (ڙ) хәрпімен («үтірлі «ڙ» (ڙ) дауысты «ڙ» (ڙ) ғана жазылады; жарты дауысты «ڙ» (ڙ) үстінен үш нұкте қойылған «ڙ» (ڙ) хәрфімен жазылады.

3. Астында тік жонды нұктесі бар «ئ» (ئ) хәрфі қазақ әлпінен шығарылады; мұның орнына ұлгілі қалыбыты «» (ئ) жызылады. Сөздің бас бұзынында «» (ئ) орнына «ئ» (ئ) жызылады дескен ереже бұзылады.

4. Қазақ тіліне сіңісіп кеткен ішінде қазақ тілінде жоқ «خ» (خ), «ش» (ش), «ف» (ف) hәм «ه» (ه) дыбыстары бар жат сөздерді жазу үшін қазақ әлпіне ғараптың «خ» (خ), «ش» (ش), «ف» (ف) hәм «ه» (ه) хәріфтері кіреді. Бұл төрт хәріфбен белгіленеттүн дыбыстарда, қазақтың өз тіліндегі дыбыстар сықылды, әр қайсысы екі түрлі, қатты-да жұмсақ да – айтылды делініп, бұл хәріптермен жылған сөздердің алдында-да керегінде дәйекше «» қойылып жазылады.

5. Ишінде «خ» (خ), «ش» (ش), «ف» (ف), «ه» (ه) дыбыстары бар жат сөздер, мағынасы бұзылыб кетбейттүн болса, ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ

¹ Баспаханада нұктесіз «» (ы) жоқтығынан әзірге нұктесіз басылады. Және жоқ «ى» (й)дің қос нұктесі де әзірге болмай тұр, жаңа емле бойынша Қазаннан күтіп тұрган хәріпдер келген соң басыла бастайды.

тіліндегі дыбыстар қойылыб, қазақ тілінің дыбыс қынына үйлестіріліб айтылыб һәм солай жазылады. Жоғарғы төрт хәріф, ішіндегі жат дыбыстарды шығарып тастағанда сөздің мағынасы бұзылып кететін болғанда ғана, сол жат дыбыстарды белгілеу үшін жазылады. Ондай сөздерді әр кім әр түрлі жазып кетбейтүн болуы үшін білім кемесиесі жат сөздерді тізіб лұғат жазыб шығарады.

6. «Ү» дың алдында дүдемәл естілетүн дауысты дыбыстың «ұ» иә «ы» екенін, дүдемәл дыбысты анық бұзынның аяғына келтіріп, сөзді өзгертіп, айтқанда «у», «сұу», «сұу», тұу», «тұу», «ы» болып естілсе, «ы» жарты тақырыпты ереже бойынша, ашық бұзында жазылып, бітеу бұзында жазылмайды («жазыуы», «бару», «сұлуу», «сұлу», «оқуы», «оқу»).

7. Бұрын «тн» болып жазылатын етістік жалғауы «ұ» хәрптімен «тұн» делініб жазылады («оқитұн», «жазатұн»).

8. Қосалқы сөздер түбір сөзге сыйықшамен («→») жалғаныб жазылады.

9. «Ма», «ба» қосалқы сөздері түбір сөзben жалғаудың арасында келсе – түбір сөзге сыйықшамен жалғауып, жалғаумен бірге жазылады (келемісн», «жақсымысн»). Бұл сөздер «еді» деген етістіктің алдында келіп, өзінің алдындағы сөзben үшеуі бір сөз сыйылды айтылатұн болса, қосалқы сөз алдындағы сөзге сыйықшамен жалғанып, «еді» бөлек жазылады («келер–меди, «келер–мекен»).

10. «еді» деген етістікпен алдындағы сөздің арасында «игі» деген сөз болып, үшеуі бір сөз сыйылды айтылатұн болса да, үшеуі үш бөлек жазылады («келсе игі еді»).

11. Жалпылауыш қос сөздер арасына сзықша қойылып жазылады («айақ-табақ», «төсек-орын», «киім-кешек»). Жалқылағыш қос сөздің екеуі бірдей қатты иә екеуі де жұмсақ айтылатұн болса, екеуі бірге жазылады: біреуі қатты, біреуі жұмсақ айтылатұн болса, арасына сзықша қойылып жазылады («басқұр», «жел-бау», «Сәндібай», «Тәтті-бай», «Кене-сары»).

12. Етістіктің бірінші жақтық жалғауы «м» болса, оған сәйкес екінші жақтық жалғау «ң» болады; етістіктің бірінші жақтық жалғауы «мн» болғанда оған сәйкес екінші жақтық «сн» болады («бардым», «баодың», «бармын», «барсын»).

13. Сан белгісіне ғарабша сифрлар (1,2,3) алынады; ғарабша сифрмен нөмірленген бір ұғым өз ішінен жіктеліп, әр бір жігін нөмірлеу үшін һәм басқа сол сықылды орындарда һұнд сифрлары (۱,۲,۳...) жазылады. Ғараб сифрларымен нөмірленген ұғымдарды таб-табқа бөліб әр табды нөмірлеу үшін һәм басқа сол сықылды орындарда Рұм сифрлары (I,II,III...) қолданылады. «Нөмір» деген сөзді белгілеу үшін латынша «N» хәрфі жазылады; әуелі сифр жазылыб «N» сифрдың сол жағына жазылады. («71-нші нөмір» деген сөз: №72, болып жазылады.

Қазақстан республикесінің оку кемесері:
Зәлі ұлы Нұғман.
Қазақ білім кемесиесінің бастығы:
Байтұрсын ұлы Ақымет
Қазақ білім кемесиесінің хатшысы:
Омар ұлы Елдес.

«Еңбекшиі қазақ» газеті, №67, 22 март 1923.

ЕНДІ «ҚАЗАҚ» ДЕМЕЙ БОЛМАЙДЫ

Ерте кездерде өздерімен бірге «адас болып келіп қала ма» деген қызғаншақтықпен ол заманың жуан білегі болған казакорыс бұзды ма болмаса табаны жоқ, тайғақ тарихтың онан да үлкен өзгерісі бұзды ма, әйтейір, басқа жұрттардың аузында біз қырғыз-киргиз деп аталғанбыз да кеткенбіз.

Қырғыз басқа, қазақ басқа екенін қазақ баласы тегіс білмесе де бұл қүнге шейін оған ештеңе демеді. Өткен замандар ұлт атын жасыруды көтерсе де әзіргі қүнде ұлт атын жасыруды ұлт тарихы ондай жаңылыс-жаңсақтықты көтермейді.

Өйткені бәрімізге белгілі қырғыз бұл қунде қазақтан бөлініп, отауын өзінің Алатауына апарып, бөлек тігіп, жер жүзіне олар да «Қырғыз автономиясы» деген өз ұрандарын атап отыр.

Енді шын атымызды айдай әлемге дұрыс әйгілеу біздің де міндеттіміз шығар деп ұғынсақ, осы жолмен қазақтың басы түгел қосылып отырған мынау Ақмешіттегі ұлы тойдың қалдыратын бір ізі «жалшы, малшы қырғыз емес, қазақ» деуі керек...

Ақымет.

«Ақжол» газеті, №561. 17 апрел 1925.

«ҚАЗАҚЫСТАН» МЕН «ҚАЗАҒЫСТАН» ТҮУРАЛЫ

«Қазақыстан» мен «Қазағыстан» екеуінің қайсысы дұрыс екенін Елдес алған бетімен шешіу қыйын. Бұл сөздің қалай жазылуы дұрыс болатұнын ашыу үшін 1) парсы тілінде стан (ыстан) бүтін сөз бе, жұрнақ ба? Оны ашу; 2) «Қазақыстан» не «Қазағыстан» дегенде, «стан» (ыстан) «қазақ» дегенге ме, «қазақы» дегенге ме, болмаса, «қазағы» дегенге ме тіркеліп отыр? Мұны ашыу.

«Стан» (ыстан) бүтін сөз болса, Қазақстан (Қазақыстан) болыб жазылуы дұрыс, үйткені қос сөздерді өзгертбей, қара құрт (қара ғұрт демей), құла құнан (құла ғұнан демей) деб жазамыз. Мұндай сөздердің бәрі «ғ» арқылы айтыла да бермейді. Мәселен, қарақас, қарақан. Сарықан сыйақты сөздер; жәнедә «қ» мен «қ» дауысты дыбыстардан соң ғана ауытқыб «ғ», «ғ» болыб айтылыб тұрмайды, дауыссыз дыбыстардан соң да «қ» – «ғ», «қ» – «ғ» болыб айтыла береді, мәселен, таң қаламын (таң қаламын орнына), сылаң ғыз (сылаң қызы орнына), жетім гөк (жетім көк орнына), Аман-гелді (Аман-келді орнына).

«Стан (ыстан)» жұрнақ болса, «Қазақ» деген сөзге қазақ тіліндегі соған ұқсас жұрнақтарша тіркеліу керек. Бұған ұқсас жұрнақтар (екі дауыссыз дыбыс қатар келетүн) «нша», «нші» түбір сөзге бұлар қалай тіркелетүнын қарайық.

Қазақ, қазағы, қазағынша;
Тұрік, тұрігі, тұрігінше;
Бір, бірінші, үш, үшінші;
Екі, екінші, алты, алтыншы.

Мұнда «нша» жүрнақ сөздің тәуелдеу түріне ғана тіркелетұнын көреміз? «ншы» жүрнақ түбір сөзге екі түрлі тіркелетұнын байқаймыз: түбір сөздің аяғы дауысты дыбыс болса, тікелей тіркеледі де, дауыссыз дыбыс болса, дәнекер «ы» арқылы қосылады.

«Қазақыстан» немесе «Қазағыстан» дегенде «Қазақ» деген сөздің қай түрін алыб отырмызы (жүрнақ қылыб алыб отырмызы). «Қазақ» деген түрін алсақ, «ншы» жүрнақ сыйақты дәнекер «ы» арқылы «Қазақыстан» болып жазылуы дұрысы. «Қазақыстан» деген сөз «қазақ там», «қазақ үй», «қазақ бет», «қазақ қол» тәрізді мағынада болса, «қазақ» деген түрін алып отырған боламыз. («Қазақыстан» – «қазақ жер» деген болады). «Қазақы мал», «Қазақы ер» деген сыйақты «Қазақыстан» «қазақы жер» мағынасында болса, «қазақы» деген түрін алып отырған боламыз. «Қазағы мал», «қазағы қол», «қазағы үй» деп айтылмайды, олай болса, «қазағы жер» деб де айыруға болмайды. Сондықтан «Қазақыстаннан», «Қазағыстан» дұрыс болады деб кесіб айтыуға жол жоқ.

Жалғыз дыбысы айнымалдылығына сүйеніп кесіп айтыуға болмайды. Себебі қазақ-қазакы, қазағы болып, түрік-түркі, түрігі деген сыйақты дыбысы айнымал заңына келмейтүн де жері бар. «Түрікістен» демей, «Түркістен» деб жазыб отырған соң, «Қазағыстан» демей «Қазақыстан» деп жазсақ, емле заңын бұзбайды. Елдестің айнымалы дыбыстар тұурасындағы ережесі ондай дыбыстардың бәрін қамтый алмайды. Қазақ тілінде айнымалы дыбыстар «қ», «ғ», «ж», «т»лер ғана емес, «б», «м» айныб, алмасыб отырады. Мәселен, «адамбыз», жүртбыз», «ұлтбыз» дегенде, «біз» болады де, «елміз», «ерміз», «тамамыз», «телеуміз» дегенде,

«мыз» болады. сол сыйақты мен, менен, бен, бенен жалғаулықтағы «б», «м» дәйім ауытқыб, айныб отырады. Сондықтан Елдес ұсыныб отырған ереже «сөз айтылуынша жазылады» деген жалпы ережеге «тайфа таңба басқандай» анықтық келтіре алмайды. Елдес ережесі «қ», «к» дыбыстар, «ғ», «г» болыб айтылуын да түгел қамтый алмайды, мәселен, бақ–бақыла (бағыла орнына), тік–тіке, тікен (тіге, тіген орнына). Жалпы ережеден айқындағ айнымалы дыбыстарға айырықша бәріне бірдей жаарарлық ереже болмаған соң, Елдес ұсынысын алмаса да келер кемшілік жоқ.

Ақымет.

«Еңбекші қазақ» газеті, №330. 19 май 1925.

ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНІҢ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақ Республикасы 6 жасты толтырып жетіге айақ басқанда, Қазақстан шаруашылығының қай жағынан болса да алға кеткенін көріп отырмыз. Егіс пен мал саны көбейген. Өнеркәсіп, мемлекет саудасы күшейген. Қарыз жұмысы дұрысталып, мемлекет бүйтжеті мен жергілікті бүйтжет молайған.

Бүйтжет қаржысы молайған соң оқу орындары, мектептер, денсаулық орындары көбейіп, басқа да сол сиақты жұмыстар алға басып келеді. Өнерлі кәсіп күшейіүмен қазақ жұмыскерлері көбейіуге айналды. Мұнымен қатар мекемелер қазақыландырылып, қалың бұқараға жақындалап келеді.

Бұған қарағанда Қазақстан қай жағынан да алға басып келеді. Бірақ алға басу дәуірінде іс жүзінде не болып, не істеліп жатқанын, алға басу бағытын дұрыс

бақылап, кемшілік болса бүркемей ашу керек. Жұмыстардағы кемшіліктерді жойып, артта қалған жұмысты алға сүйреп, қатарға қосу керек.

Қазақстанның ұлт мемлекеті болу дәуірі, екінші жағынан, сол уақыттың ішінде тәжірибесін молайтып, өсіп-өнген бірқатар қызметкерлерді дайындалғанда болып саналады. Бірақ, бұл тәжірибеде ұлт құрылышының өткен дәуірдегі өзгешеліктерінің бәрі де бар еді, ол кезде істің бәрі жоғарыдан істелуші еді, олай ету керек, былай ету керек деген сілтеумен болушы еді. Әр ұлттың өз тізгіні өзінде болу керек деген пікір бадырайып көрініп, іргені аулақ салу, толық автономия болу талабы күшті еді, орталық аудандардың жұмысына еліктемей, әр жердің өз жағдайына үйлесімді іс істеу жағы толық ескерілмеген шақ еді.

Әлгі айтылған қызметкерлердің өсіп-өнген негізі осындай еді. Олардың ұлт құрылышы дәуіріндегі жалпы бағасы түсінікті. Сөйтсе де, қазір біраз түсінбеушілік; тіпті қарсы келушілік болуға мүмкін. Іс жағдайына қарағанда жаңадан жол қарастыру бұл жөнінде ойланып-толғанып жұмыс қылу керек. Бұл жұмысты қайта-қайта тексеру керек, өйткені, біздің істеп отырған жұмысымыз жаңа, бұған көп қайрат, көп қажыр керек. Дайын жобамен іс қылу жеңіл де, түсінікті де. Бұған қарағанда аса белсене кіріскең болса да байаулатқан қарсылық, «бұдан еш нәрсе өнбейді», «мұны да істеп көргенбіз» деген сыйылды сөздер тууға мүмкін. Бұл қалып қазаққа да, европалықтарға да ортақ, мұндағы мінездің біразы соңғы пленумда көрініп қалды. Пленумның жүзеге асыруға ұйғарған шараларының бірі ел арасында қоныстандыру жұмысын өткізу, бұл орындалса, елдің жарлы жағы шаруашылық жөнінен

күш алмақ, бұлай болуына Өзбекстанның жер өзгерісі дәлел. Бұған қандай жауап береді деңіз?

Кедейге жердің жақсысын беру құба-құп, бірақ алған жерін ұқсатып бойына сініре алмаса онда оның жайы мүшкіл, жұмысқа ысылған қызметкер жоқ, жер мекемелері нашар. Одан арғысын ашып айтпайды, бірақ әлгі айтылғандардың өзінен-ақ жалтақтық, сенім-сіздік, мәселені соза беруге ұмтылатындық көрініп отыр.

Партия мүшелерінің мұндай пленум ұйғарған істерді жүзеге асыруға онша дайындалмаған. Бұлар партияға өздерінің бар тәжірибе, білімімен (білім оларда бар) жәрдем етуден бұрын енeden жаңа туғандай өзгеруі керек, мұнысы неғұрлым тезірек болғаны жақсы. Ал енді, біздің ұйымда жолдастардың екінші бір түрі бар, олар пленум қозғаган мәселеден Қазақстанда «екінші төңкеріс» туғызғысы келеді.

Қарсы сөйлеушілердің пікірі: өлкелік партия комитеттінің мұндай сайасатынан мемлекетіміздің өндіріс күші дұрыс дамуына, елдің бейбітшілігіне қатер бар, біздің түпкі мақсатымыз өндіріс күшін дамыту. Ел соғысы кезінде мақсат көнілдегідей орындалуға мүмкін емес. Сондықтан жаңа бағдар, сірә, қолайлы болмаса керек...

Әуелі «жаңа төңкеріс» жайынан сөйлелік. Қазақстанда жаңа төңкеріс жасалық деген кім; Қаулының қандай жерінде жазылған еken? Егер жазылмаған болса, бұл әңгіме не жайынан шығып отыр? Пленумда қандай жаңа төңкеріс жайынан сөйленген? Әңгімені түсінікті қылу үшін 1923 жылы үшінші партия конференсиясында Байнштейн жолдастың сөйлеген сөзінен тарихи бір мысал көрсетелік.

Байнштейн жолдас қандай жаңа төңкеріс жасауды ұсынып еді? Өзінің байандамасында оның айтқаны: ұйым мен қала, поселке арасындағы қатынастың нашарлығы, ауыл кедейлерінің жем болып келе жатқаны, ауылдағы жұмыстың орасан нашарлығы еді. Ол: «Біздің ұйаларда тізгінді қолға алып отырғандар көбінесе бай жағының адамдары, олардың тілегі, әлгі декреттердің іске аспауы деген еді». (З партия конференсиасының есебі, 126-бет).

1. Қалың бұқарамен қатынасты оңдау, оларды кеңес құрылышына көбірек қатыстыру;

2. Жұмыскер мен шала жалшы казақ арасында жұмыс ретін дұрыс қойу, байдың малын алып, кедейдің пайдасына беру – кедей қолындағы байдың малын кедейге қалдыру;

3. Салықты түгел байдан алып, кедейді жергे орналастыру жұмысын ұстая. Соңғы екі ұсыныс қабылданбаған. Бірақ, байандама бойынша курделі тезистер қабылданған, ол тезистер ұзақ уақыттық жұмыстың жөнін көрсеткен еді. Ол тезистердің іс жүзінде күні бүгінге шейін маңызы бар. Әйткенмен де конференсия мүнадай тезисті қабыл алған:

«Қалың қазақ еңбекшілері арасындағы түк жұмыс істелмегеніне партия бұдан былай айырықша көніл бөлуі керек. Қазақ арасындағы партия негізі – жалшы, малай қазақ кедейлерін менгеріп, әкету жөнінде бар күшті жұмсап, батыл қимылдау керек. (208-бет). Байнштейннің «мерт» болуы осылай еді. Қазір Байнштейн төңкеріс жасауды ұсынды деген сөз дұрыс емес. Оның ұсынғаны істейтін шаралардың жүйесі еді, оның біразын күні бүгін өзіміз жүзеге асырып отырмыз. Голощекин жолдастың «Октиабр жолымен өту» дегені

де төңкеріс жайынан сөз қылуға себеп болған сықылды, мұны да неше түрлі шаралардың желісі, мұның біразы ұйғарылған, біразы жүзеге асырылып отырған. Бұдан кейін де асырылатын шаралар деп ұғыну керек еді. Оның өз айтуы дәл былай:

Осы мәселелердің бәрін де Кеңес үкіметінің ауылда (А.Б.) құрылыс әдістері, ру арасының жайын ескере білу, ауылға қалай жанасу мәселесі оп-оңай шешіле қалатын нәрселер емес. Өзбекстан жер өзгерісін өткізгенде ғана, бір реттен октиабр жолымен өткенде ғана, Кеңес үкіметін күшейтіп отыр. (Пленумдағы Голощекин жолдастың сөзі).

Жаңа төңкеріс туралы сөйлесуге бұл дәлел бола ала ма? Біздің білуімізше дәлел бола алмаса керек. Әңгіме өзгеріс жайынан, иә Өзбекстанның жер өзгерісі сықылды бірқатар өзгерістер жайынан болып отыр. Мәселені былай қойудан кейбір жолдастар шошымасын.

1921 жылы Ленин жолдас айтқан: «Біздің қазіргі жаңа дәуірде жаңа шаруа түзеу жолда қай ісіміз болса да үлкен еп керек. Дұрыс әдіс керек, нені болса да көп ойлап, көп толғау керек. Міне, бұл бүгінгі біздің жаңа дәуірімізді еске алатын жаңа нәрсе».

Бұл сөздер біздің жаңа шаруашылық сайасатына әдіспен кірген кезімізде ғана жазылған. Қазір өзге түрдеміз, қазір біз есімізді жинап алып, шаруашылықтың дербес, капиталшылдық түріне шабуыл жасап тұрған кезіміз. Біздің өзгерісіміздің де түрі де болса, бұл шабуыл түрі.

«Жаңа төңкеріс» деген сөз өлкелік комитеттің жолына қарсы тұрушулыардың сөзіне торуыл келтіру керек болған сөз. Әңгімені «жаңа төңкерістен» айта беретін

болсақ, сөзден сөз көбейе бермек. Бұл ретте Бухарин жолдасты да, Сталин жолдасты да, Ленин жолдасты да күәға алуға болады.

Бухарин жолдас не деп еді? «Олар біздің қазіргі көкseyтініміз тағы да жаңа үшінші төңкеріс емес, ұйымдастқан бейбіт жұмыс... Мемлекет құрылышын ілгері бастыра беру жұмысы».

Бұл туралы Сталин жолдас не айтқан? «Іс жүзінде бұл қыңырлық поселкеде тап тартысын қоздыруға, жуан жұдырықты тоздыратын жарлылар комитетінің сайасатына қайтып айналуға, сонымен мемлекет ішінде ел соғысын жариалауға бастайды».

Ал енді Ленин жолдас не демек? «Ел соғысының ұранын ел бейбітшілігі ұранымен алмастыруды түсінбейтін адам жұртқа күлкі болуға лайық». (Месников жолдасқа жазылған хаттан).

Мұндай әдемі сөздерді қалай пайдаланбассың, айтындаршы?

Бұл сөздерді енді азырақ тексеріп өтелік. Сталин жолдастың сөзі қандай қыңырлыққа қарсы айтылған? Бұл жуан жұдырықтан келер қатерді қалпынан асыра сойлегендерге, орталық комитет көрсеткен шаралардан басқа өз жанынан бірқатар шаралар ұсынушыларға айтылған сөздер.

Ал енді біздің Қазақстанда Сталин жолдастың сөзін қағып алып, «бұл қыңырлық поселкеде тап тартысын қоздыруға бастайды» дегенде, мұнысы шынында орындауға ұйғарылып отырған шаралардың тізбегін сөз қылғандық болады.

Осылай түп-тура ашық айту керек еді, осыған қарсы сөйлеу керек еді, жаңа төңкерісті бетке ұстап жасырынбау керек еді.

Мұның мәнісі қалай? Мәнісі: «Қазақстан Ленинград емес. Кеңестер Одағынан, бізді Орынбор губерниасы ғана бөліп тұр», «Жалпы ілгерілеу жолымыздың шамасы бірдей». Мұндай дәлелдің аяғы неге апарып соғады?

Мұның – біздің жағдайымыздың орталық комитеттің жалпы нұсқауларымен ғана қанағаттанып, жергілікті жағдайға дәлме-дәл келтірген қосымша шараларды қолданбасақ та болады деген сөз ғой. Ауыл жағдайы поселке жағдайымен бірдей «сықылды». Поселкеде қандай сайасат жүргізу жайы белгілі, со да бізге болмай ма партианың ауылда кездесетін қыншылықтарын со да жоймай ма, «Америка ашудың не керегі бар» дегенге келеді.

Бұдан кейін Рыков жолдасты күәлікке тартады. «Түк талас болмауға тиіс, бірден бір түзу жол кооператив». Бұл дәлелді дәлелді тауып алуы да тамаша емес пе. Кооператив данғыл жол екені рас қой. Бірақ, бүгін осы сағатта бұдан бұрын иә, осымен бірге қатар шешетін өзге мәселелер жоқ па еken. Алдымен кооперативтің жолын тікенектен аршып алу керек қой, әйтпесе оның жолын байдың селеуі басар, басып та отырған жерлері бар, сөйтіп өтірік кооператив тумай ма?

Сонымен бұл топтың ойын оның мынадай деп сипаттауға болады:

1. Қазақстанда іргелі сайаси мәселелерді шешерде теріс зианды әдістерді пайдаланғысы келеді.
2. Ауылдың жұртшылық шаруашылық қатысы даму жолының негізгі өзгешеліктерін сылап-сипап жоққа шығарғысы келеді.
3. Бұл жұртшылық – шаруашылық қатысын сүйекке

біткен әдет пен бұрынғы ескі күйінде қалдырмақшы. Қарсы сөздерінің бәрі келіп осыған тіреледі. Бұл қалай? Бұл кімнің пайдасы?

Қазақстанда ешкім шын мағынасында жаңа төңкөріс жасамақшы емес. Төңкөріс деген нәрсе екі тап тартысып, біреуі жеңіп, әкімшілікті қолға алғанда, жұрттың шаруашылық негізін қайта құрғанда болады. Мұндай төңкөріс біздің ойымызда жоқ, мұны сөз қылған адам жоқ. Әңгіме ауыл кедейінің пайдасын көздейтін шаралар туралы болған, күні бүгін де солай; ол шаралар қырдың жалпы шаруашылығы өсуін тоқтатпай, социалистік жолына қарай бастап, елде Кеңес үкіметіне құшті негіз орнатуды көзdemек.

«Еңбекиі Қазақ» газеті, №225–226,
12–13 қазан 1926.

Ескерту: Бүгінгі емлеке 1993 жылы түсіріп, 25 қазан күні «Егемен Қазақстан» газетінің 217–218-санында жариялаған – Рысбек Сарғожин, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

«ЕҚ» редакция тарапынан бұл мақаланың ықшамдалып жарияланғанына, Ахмет Байтұрсынұлы айтқан үндеу сөздердің осы күнге де дәп келетініне, Алаш арыстарының арманы – Қазақ елін қайтсек көркейтіп, өркендетеміз, қайткен күнде, ынтымағы жарасқан, өзге жұрттан бағы асқан дәүлетті ел қатарына қосыламыз деген арман болғанын жазады. Әрі сол мақсат тәуелсіздігін алған Қазақ мемлекетінің бүгінгі қамқаралеті барысында да үндесіп жатқандай деген түсініктемелік-анықтама берілген. Бұл мақала 2013 жылы жарық көрген А.Байтұрсынұлының алтытомдық жинағының 6-томына алғаш рет енген.

ТҮРІКШІЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Түрікшілердің 1-інші құрылтайы феуралдың 26-нда басталып, марттың 6-да жабылды. Түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қызыр Күншығыстағы Жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жок түрік жұрттары бірін-бірі жұзбе-жұз көріп танысты.

Түрікші ілімдерден академия мүшелері: Бартолд, Олденбург, Крымский, толып жатқан жана тағы профессорлар болды. Бөтен мемлекеттерден неміс профессоры Менсел, мажар профессоры Майсереш, анатол түрік профессоры Көперлі-зада мен Құсайын-зада болды.

Құрылтай қарауына арналған 14 бапты мәселе еді. Соның әрбірінен 4–5, қатта 8–9 байандамалар жасалды. Бірақ мәселе көп болғанмен, құрылтай шақырушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашуышылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрды.

Солай болған соң қарыпқа қатысы бар мәселелерге көбірек зер салынып, солар көбірек талқыға түсіп, басқалары ат үстінен айта өткен сиақты болды.

Құрылтай програмындағы мәселелер мыналар еді:

1) Түрік жұрттарының тариқын тану жүзіндегі істердің көзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Бартолд, Баруздин деген профессор, татар тариқшысы Убайдуллин Әзиз.

2) Түрік жұрттарының мәдениетін зерттеу ісінің көзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Руден-

ко, Майсереш, Миллер профессорлар мен Шурсен деген.

3) Түрік тілдерінің өзара жана мұғал (монгол), тунгуз, пинугор, жапон тілдерімен тұқымдастыры. Байандамашылар: Шобан-зада мен Кинко деген профессорлар.

4) Түрік тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Самойлович, Малов, Ашмарин деген профессорлар.

5) Емле [нің] жалпы негізі. Байандамашы: Шерба профессор. Түркі емлелері. Байандамашылар: татар қалам қайраткери Ибраіым ұлы Әлімжан, әзіrbайжандық Аға-зада деген.

6) Пән сөздерінің жүйесі туралы. Байандамашылар: Шобан-зада профессор мен Зиенат деген. Түрік тілінің пән сөздері туралы. Байандамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсын ұлы.

7) Әліп-би сыны пән жағынан, әліп-би сыны іс жағынан. Байандамашылар: Иаковлев пен Жирков профессорлар. Түрік әліп-билері туралы. Байандамашылар: Мамет-зада, Шарап ұлы Әлімжан, Алпар ұлы, Төрекұл ұлы, Берді ұлы, Омар ұлы.

8) Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар туралы. Байандамашы Шерба профессор. Түрік тілін оқыту әдістері туралы. Байандамашы Епенді-зада.

9) Түрік әдебиет тілдерінің жетілуі туралы. Байандамашы: Коперлі-зада профессор мен Әкім ұлы Нығымет.

10) Түрік әдебиет тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргісі, алдағысы. Байандамашылар: Коперлі-зада, Менсел профессор, Сағади ұлы Абдырақман.

11) Түрікші мекемелердің кәзіргі құрылған түрлелімен жақында істейтін істері туралы.

12) Өлкө тану ісінің әдістері. Байандамашы: Олденбург.

13) Түрік жұрттарының мәдениет жүзінде соңғы кездегі жетілісі. Байандамашы: Павловиши.

14) Ұйымдастыру мәселесі.

Осыншама толып жатқан мәселелер туралы толып жатқан байандамалар қайсысы қай түрде жасалып, қалай қаралып өткенін бейнелеп айтуға орын тар болғандықтан жана да құрылтайда не болып, не қойғаны тұрасындағы барша мағлұматтар түгелімен бәрі басылып шығатын болғандықтан, құрылтай қабарын түгел сөйлеймін демей, оқуға қатысы көбірек мәселелер ғана тұрасынан азырақ айтып өтпекпін.

Ол мәселелер: 1) Емле, 2) Пән сөз, 3) Әліп-би, 4) Ана тілін оқыту әдісі тұрасындағылары.

Бұл мәселелер туралы әуелі орыс ілімдерінің пән пәтуасы түріндегі байандамалары болып, сонан кейін басқалардың байандамалары болып отырды.

Емле туралы пән пәтуасын сөйлеген Шерба профессордың сөзі қысқалап айтқанда мынау болды.

Төрт жүйелі емле бар: 1) Дыбыс жүйелі, 2) Тұуыс жүйелі, 3) Тарик жүйелі, 4) Таңба жүйелі.

Дыбыс жүйелі емле – сөзді айтылуынша жазу (қазақ пен қырғыз емлесі дыбыс жүйелі болады). Тұуыс жүйелі емле – сөздің тек айтылуына қарамай, тегіне де қарай жазу (орыстікі туыс жүйелі емле). Тарик жүйелі емле – қашаннан жазып келе жатқан қалыпша жазу (арабтікі, араб емлесін өзгертпей қолданушылардікі, ағылшын, франсуз, немістердікі тарик жүйелі емле болады). Таңба жүйелі емле – сөз орнына таңба салу (қытай жазуы, бўрынғы екі сулықта болған аққаттардың, шумерлердің сүйір жазулары).

Бұл емлелердің ең жақсысы – дыбыс жүйелісі; үйткені бұжүйелі емле үйренуге жеңіл. Емле жеңіл болуы тәрбиешілік жағынан да, бұқарашибұлық жағынан да артық. Жақсы емленің қасиеті үйренуге жеңілдігі мен ойды дұрыс ұқтыруы.

Онаң соңғы жақсы емле – туыс жүйелісі. Ең қыны тарық жүйелісі мен таңба жүйелісі деді.

Ибраіым ұлы Әлімжан жасаған байандамасында емле жеңілдегенде жүзінде түрік жұрттарында не істелгенін, қайсысының емлесі қай күйде тұрғанын, емле қай түрде болуы керектігін айттып өтті. Емле түзеу жүзінде түрік жұрттарының алдағысы қазақ, арттағысы әзіrbайжан, анатоли түркі болып шықты. Басқалары соның екі аралығында болды. Құрылтай дыбыс жүйелі емлені, керегіне қарай туыс жүйесімен үйлестіріп алуды қабыл етті. Әзіrbайжандықтар араб қарпымен дыбыс жүйелі емле жасауға болмайды деп ойлайтын көрінеді. Сондықтан олар дыбыс жүйелі болған соң, латын қарпысыз болмайды деп, дыбыс жүйелі, латын негізді деген сөзді керек емес десек те болмайды, көпшілік қолында болған соң, қыстырып өткізді. Ол жерде пікіріміз айырылатынын мәлім еттік те қойдык.

Пән сөздері туралы байандаманың бірі менікі болғандықтан, өз байандамамының да мазмұнын қысқасынан айта өтейін. Байандамамдағы айтқаным: пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылmas үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұнғыш тобында қабылданғаны айтылды.

Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді.

Құрылтай қарары да осы негізді болды. Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жүрттараты тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жүрттардың бәріне ортақ түрде алынын.

1-інші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жүрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-нші басқыштағы мектептерде қолданатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғары мектептерде әлемге жайылған Еуропа пән сөздері қолданылсын делінді.

Латын қарпын қолдаушы 7 байандаманың екеуін ілім пәтуасы түрінде екі профессор жасады. Иаковлев профессор әліп-би қандай қасиеттерімен жаксы болатынын, не үшін латын қарпын қолдайтынын айтты. Оның айтуынша, жақсы әліп-би тіл дыбысына түгел жету керек, қарып белгісі аз болу керек. Бұл екі қасиет – қазақ әліп-бійнен табылатын қасиет. Қазақтан басқада ондай әліп-бій бар деп айтпады. Дәйекші қойып қарып белгісін азайту – бұл табылған ақыл деп. Латын қарпын жақтайдыны латын қарпы – жайылып келе жатқан қарып, арабтікі тоқталып қалған қарып деді.

Онан басқа латын қарпының араб қарпынан пәлендей артықшылығы бар деп айтқан жоқ.

Жирков профессор араб қарпының сұлулығын, бірақ баспа істері жағынан қолайсыз жағын, көзіргі жеңілдетуге жасап жатқан өзгертулер араб қарпының сұлулығын бұзатындығын сөйледі. Мұның сөзінше баспаға жеңілдету мақсатпен араб қарпының сұлулығын бұзудан да өзінен безу артық деген пікір ұғылды. Латын қарпымен араб қарпын салыстырған жерінде аработың ескі қарыптарын алып салыстырғандықтан, айтқан сөздері дәлелді бола алмай шықты.

Бұлардан кейін байандама жасаған латыншыл бес кісінің бесеуі латын қарпы мен араб қарпын салыстырғанда (тістеріне жұмсағырақ болған соң) аработың ескі қарпын алып салыстырумен болды. Көбі түк дәлелсіз болды. Араб әліп-бийінің кемшілігі деп көрсетуге алған нәрселері біздің мұнан 15–16 жыл бұрын басын ауыртқан араб емлесінің кемшіліктері болып шықты.

Біздің 10-ыншы жылдарда шығарып ескі-ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ның жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр еken. Тарик жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз еken. Олар аработың емлесін бұзудан қарпын тастау оңайы; қарпын тастамай, емлесін бұзуға болмайды деп ойлайды еken. Араб қарпынан латын қарпына көшеміз деуінің ең негізгі себебі осы еken. Қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, араб емлесін бұзғаннан араб қарыптары қираған жоқ, қайта түзеліп жақсы бола

бермекші. Бұл басқаларға мүмкін емес нәрсе сиақты көрінеді. Мәселен, арабтың «хбз» деген сөзін арабтың бес қарпымен «хабаз» деп жазуға болмайды. Латынның ғана бес қарпымен жазуға болады.

Араб қарпын қолдаушы екі байандама болды. Оның да бірі, мәселен, Алпар ұлының байандамасы, араб пен латын қарыптарының жақсы-жамандығын сөз қылмай, араб қарыптарына баспа жағынан жеңілдешу мақсат-пен жасалып жатқан өзгерістер туралы. Ол өзгерістермен жасалған тәжірибелер араб қарыптарын түбінен қопармай-ақ түрін азырақ өзгертумен да баспа жағының кемшілігі жоғалып, басқалардан артық болмаса, кем болмайтынын айтып, қандай өзгеріс жасалғандарын көрсетті. Өзгерткен қарыптардың ірілері осы күнде қолданылып, ұсақтары құйылып жатқандығын мәлім етті.

Араб пен латын қарыптарын таразыға тартқандай салыстырып, артық-кем жактарын ыспаттап көрсетіп, арабтікін тастап, латындікін алуда түк мағана жоқтығын айттып сөйлеген байандама асылында жалғыз Шарап ұлы Әлімжандікі болды. Латынға қарсы байандама, сөйтіп, біреу-ақ десек те болады. Бірақ бір де болса, бірегей болды. 2 сағаттан астам айтылған байандаманың мұнда жүзден бірін сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан тек ұшығын ғана көрсетіп өтемін.

Байандамашы мәселені асылынан алып, алшысынан қойып бастады. Ол айтты; біздер сөз қылып отырғанымыз – «әліп-бій қалау» мәселесі емес, «әліп-бій алмастыру» мәселесі, «әліп-бій қалау» деген мен «әліп-би алмастыру» деген – екеуі бір емес.

Түрік жүрттараты әліп-бійі жоқ жүрттар болса, алдына салған әліп-бійлерді қарап-қарап, ұнатқан біреуін алар

еді. Тұрік жүрттары – тұтынып отырған әліп-бійі бар жүрттар. Көбінің әліп-бійімен байласқан әдебиеті, мәдениеті бар. Тұтынып отырған әліп-бійді тастап, бөтен әліп-биге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайтадан қат үйренбекші, қанша баспақаналардың қарыптары жаңадан жасалып, жаңадан құйылмақшы, қанша қарып тізушилер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбек сарп етілмекші. Осыншама құрбандықтың бәрін өтегендей алмастырып алатын әліп-биде бұрынғымыздан анағұрлым артықшылық болу керек. Сондай артықтық алатын әліп-бійде бар ма еken деп алып, екі әліп-биді түрлі жағынан салыстыруға түсті.

Екі әліп-бійдің де артық-кем жерлерін әншейін сөйлемей, әр түрлі ілім тәжірибелерімен ыспаттап, даусыз дәлелдер келтіріп байандады. Ақтығында латын әліп-бійінде көп құрбандықты өтерлік аса артықтық болмақ түгіл, араб әліп-бійінен де көрі кемшіліктер көбірек болып шықты, бірақ құрылтай дүкені жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін икемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліп-бійінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті. Енді алу-алмау әр жүрттың, әр мемлекеттің ықтиарында» деген қарап көпшілікпен өтті.

Қанша ыспат, дәлелдер болғанын тубінде құрылтай жұмысының мағлұматтары басылып шыққанда, әркім өзі көре жатар.

Қарып мәселең турасында қазақ тарабынан айтқанымыз мынау болды: біздер мәдениет жүзінде кейін қалған жүрт болғандықтан, мәдениет қуатымыз да, мал

куатымыз да шағын, сол шағын қуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қәзіргі бізге өте-мөте керек нәрсе – оқу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қойа тұрып, өте керегін істеп жатырмыз. Қарып жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-би де біздікі болып шықты. Емле мен әліп-би жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, франсуздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Азғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны аштындар қарып тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді.

Қарыптан соңғы жасалған байандамалар талқыға түсіп сөз болмастан комиссияға жіберіле берді. Ана тілін оқыту әдісі ғана сөз болыңқырады, басқалары тіпті айттыс ашылмастан комиссияға кетіп отырды. Ана тілін оқыту әдісі туралы байандама жасаған Шерба профессордың айтқан сөзінің қысқаша мазмұны мынау болды: осы кезде ана тілін оқытуға қолданатын әдіс мынау: дыбыс негізді әдіс, тұтас тұлғалы әдіс (америка әдісі дейтін). Қай әдісті қолдану қолайлы болуы емле жүйесіне қарай: дыбыс жүйелі емлені қолданушыларға дыбыс негізді әдіспен оқыту оңай, тариқ жүйелі емлені қолданушыларға тұтас тұлғалы әдіспен оқыту оңай. Тұтас тұлғалы әдіс – ағылшын емлесінің ауырлығынан туган әдіс. Ағылшын емлесі тариқ жүйелі. Дыбыс негізді әдіспен ағылшын емлесін үйрену азап, қатта мүмкін де емес. Дыбыс негізді әдіс дыбыс жүйелі

емлеге өте қолайлы. Емлесі дыбыс негізді құрттар қолданған жерде үйретуге ең женіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақиқат.

Тұтас тұлғалы әдістің өзін оңаша алып, дыбыс негізді әдіспен салыстырғанда, түк артықтығы жоқ. Жазылуы мен айтылуы – екеуі екі басқа, ағылшын емлесіне дегенде ғана тұтас тұлғалы әдістің артықтығы бар. Біздің орыс әдісшілерінің тұтас тұлғалы әдіске әуестенетіндері дыбыс негізді әдістен көрі оны көр-некірек дейді. Асылында, дыбыс негізді әдіс тарік жүйелі ағылшын емлесіне қандай қолайсыз болса, тұтас тұлғалы әдіс дыбыс жүйелі емлесі бар жұрттардың қолдануына да сондай қолайсыз болады деді.

Құрылтай түрік жұрттары үшін дыбыс жүйелі емлені қабыл алған соң, оған қолайлысы дыбыс негізді әдіс болған соң, осы әдісті қабылдап қарап шығарды.

Ана тілін оқыту турасынан шығарған қарапға тағы да кірген баптар болды. Оның өте-мөте ескерерлігі сынау болды:

1) Ана тілін үйрену жағын жақсылай үшін түрік жұрттарының әр тілі анық танылуы керек. Тіл іліміне жетік білімпаздар шығару үшін оқытушы дайарлайтын орта мектеп пен жоғарғы мектептерде тіл сабактары елеулі орын алу керек.

2) Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қалық әдебиеті басым боларға керек.

3) Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.

4) Әдебиет 2-нші басқышта әлеумет тану ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебиет тариқы түрде де оқытылу керек. Тарік түрінде оқытылғанда ана тілінің әдебиетінен басқа ағайын жұрттардың әдебиеттерімен таныстыру керек.

5) Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қысын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керекгі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Оқуға қатысы көбірек осы төрт мәселе сөзімен құрылтай әңгімесін тоқтатамын.

«Жаңа мектеп», № 7–8, Б.43–50. 1926.

ТҮЗЕТИЛГЕН ӘРІП

Араб әрпіне тағылатын міннің ең зоры баспа түрінің төрт түрпattyлығы еді. Ол кемшілік араб әрпінің бойына біткен кемшілік емес, кейіннен кез болған кемшілік еді. Араб әрпін жазбадан баспага айналдырғанда сөзді әріп жігінен кеспей, буынсыз жерінен бұтарлаған. Әр әріп түрған жерінде туралып, бір әріптің аяғы екінші әріптің басына, басы басқа әріптің аяғына қосылып, бір әріп бірнеше бөлініп кеткен. Соңан баспадғы әріптер жазбадағыдай емес, тіркесетіндері төрт түрпatty, тіркеспейтіндері екі түрпatty болып шықты. Оның әр түрпаты әріп кассасында өз алдына ұйа алып түратын болған себепті ұйа көбейіп, касса үлкейіп, баспа жұмысына кемшілік келтіретін еді. Сол кемшлігі жазу машинасын жасауға да көпке дейін бөгеу болған еді. Сол кемшіліктің кесапаты әрі кесу, қалып жасау, әріп құйыу жұмысына тиетін еді. Баспамен істес болған жүргіттар осы қолайсыздығын көріп, көптен-ак түзетуге ойланса да, патша заманында пәтуасыз молдалар ықпалы жүріп түрған кезде батылдық етіп түзете алмаған еді.

Октиабір өзгерісі болып, мәдениет ісі молдалардың құрсауынан босаған соң, араб әрпінің айтылған қолайсыздығын жойып, кемшілік кесапттарын аршу талабына кірісушілер бола бастады. Солардың 7–8 жылдан бері өткен еңбектерінің нәтижесі бірнеше түзеу жобасы болып шыққан. Жобаларды қарап, ақылдастырып, қайсысын алау туралы кеңеспекке Татарыстан білім ордасы түрік республикаларынан өкілдер шақырған, әріп мәселесіне араласып жүрген, әріп жобаларын жасап жүрген адамдарды шақырған. Кеңес октиабр-дің 20-нда ашылып, 26-нда бітті.

Кеңеске толып жатқан жобалар түсті. Жобалар қарай келгенде екі негізге бөлінді: 1) араб әрпін еуропашалау негізінде жобалар, 2) араб әрпін өз негізінше түзеу жобалары.

Алдыңғы түрде жоба жасаушылар: бұрынғы Дамей, Қаритонұлылар, қазіргі Қасен, Қали, Тайыр, Молдашұлылар.

Бұлардың жобаларында араб әрпінің тұрпаты Еуропа әріптерінің тұрпатына ұқсас болып шығады. Соған ұқсату үшін араб әріптерін кереді, созады, иеді, бүгеді, әйтеуір, жақындастыруға тырысады. Бұлардың ойлауынша, әріптер жазбада тұтасса да, баспада Еуропа әріптерінше дара-дара басыларға керек.

Екінші түрде жоба жасаушылар: Бұрнаш, Алпар, Ыдырыс, Тоқай, Шарап, Орманшұлылар. Бұлардың жобалары бір негізінде, өзара айырылатын жерлері бар. Бұрнашұлының жобасы әріптің бас тұрпаты мен жеке тұрпатын алып, екеуін үйлестіріп, киындастыргандығынан, бұрынғы баспадан айырғысыз болып, түзеткені түк сезілмейтін дәрежеде жасалған.

Алпар, Ыдырыс, Тоқай, Шарапұлыларының жоба-

лары әріптің бір-ақ тұрпатын алып жасаған жобалар. Бұлардың әр тұрпатты әріптері бұрынғы бас тұрпатқа жақын. Сөздің басында, ортасында келгенде, бұрынғы баспадан айырғысыз болып, жалғыз-ақ сөздің аяғындаған құйрығының шолақтығынан жаңаланғаны білініп қалады. Білінгенімен де оқуға кемшілігі жок, өйткені, сөздің сүгіреті соңындағы жалғыз әріптен елерлік болып өзгермейді.

Орманұлының жобасы араб әріптерін негізінше алған. Бірақ нұктелерін әріпке қосып, тұтас мүшесіпті жасаған. Нұктелері тұтасқандықтан, әріп ұсқыны жатырқалық болып көрінеді.

Сын нарқына алған негіздегі шарттардың көбіне тұра келетін жоба Бұрнашұлының. Оның жобасындағы әріптер ұқсастығымен де, сұлулығымен де бұрынғы баспадан түк айырылмайды. Бірақ қолайлылық жағына келгенде, жалғыз тұрпатты әріп алған жобалардан төмен. Төмендігі сол – бір әріп орнына екі әріп алады. Түзетілудегі мақсат бір әріптің бірнеше тұрпатты болуын жойыу болған соң, неғұрлым тұрпат түрлері кемісе, соғұрлым көздеген мақсат жақын болмақ. Сондықтан Бұрнашұлының жобасы түпкілікті алынбай, уақытша алынатын болды.

Түпкілікті баспаға тек жалғыз тұрпатты әріп жобалары алынатын болды. Ондай жоба ұсынуышылар: Алпар, Ыдырыс, Тоқай, Шарапұлылар. Бұлардың жобалары бір негізді: алатындары әріптің жалғыз тұрпаты. Арапарындағы айырымдары аз. Сондықтан төртеуінің де жобалары қабыл алынды.

Орманұлының жобасы жалпы баспаға алынбағанмен, әріптерді түрлендіру жүзінде түр үлгісінің бірі болып алынуға жаرارлық делінді.

Сөйтіп, кеңестің шығарған қаары мынау болды:

1. Әріптің бір ғана ұсқында болуы оқыту жағынан да, қаражат жағынан да, баспа жұмысы жағынан да зор жеңілдік келтіретін болғандықтан, түрік-татар жүрттары тұтынып отырған араб әріптері баспада бір ұсқынды болуы тиіс.

2. Бір ұсқынға әріптің бұттарламаған, тек қысқартылған сүгіреті алынады.

3. Бір ұсқынға алынған әріп сүгіреті сөздің басында да, ортасында да, айағында да, қандай әріппен қатар тұрса да, жалғыз ғана сүгіретті болып, халықтың көзі үйренген тұрпатына мүмкін қадарлы жақын болуы тиіс.

4. Баспа жұмысына қолайлы болу жағынан қарап, әріптер толық пункттерге сыйымды болып, подрезкасыз, шпонсыз тізілерлік болсын. Жалпы, баспаның 14-ші кегілінен артпасқа тиіс.

5. Алдағы 1927–28-нші оқу жылына басылатын оқу кітаптары жоғарыда айтылған бір ұсқынды әріптермен басылсын.

6. Бір ұсқынды әріп баспаханаларға тарапты болғаннан кейін, газеттер, журналдар, кітаптар (қара бұқараға деп айырмaston) бір ұсқынды әріптермен басыла басталуы керек.

7. Қара бұқараның бір ұсқынды әріпке көшу жолын жеңілдету үшін әріптердің сөз аяғындағы түрлерін бірден тастамай, бірте-бірте тастау керек: бірақ бір жылдың ішінде әріп құйрықтары жоғала-жоғала барып, ақтығында тек бір ұсқынды ғана әріптер болуы керек.

8. 1928 жылғы ғинуардың бірінен бастап татар мен қазақ баспаларында бір ұсқынды әріптерге көшіп болу керек.

9. Татар мен қазақ баспалары үшін төрт ұсқынды әріп құйыу қазірден тоқтатылсын.

10. Жазу машиналарына қазірден-ақ жоғарыда айтылған бір ұсқынды әріптерді қолдану керек.

11. Мектепте үйретілетін қол жазбалары бір ұсқынды әріптердің түрпатынан онша алыстамасқа тиіс.

* * *

Әріпті бұлай түзетуден көретін иігілігіміз қандай?
Мұнан көретін иглік есепсіз көп.

Әуелі, әріп жасау жұмысын азайтады. Қазақша баспаға бұрынғы бойынша 77 әріп жасадың орнына 35 ғана әріп жасалады. Бұл әріп жасау ісін үш еседен де артық женілдету болады. Ашық түрде айтқанда, үш әріптің орнына бір-ақ әріп жасау болады.

Әрине, бір әріпті жасауына кететін уақыт пен еңбек, қаржы-қаражат үш әріп жасауына кететін уақыт пен еңбек, қаржы-қаражаттан үш есе кем болмақшы. Әріп кесуінен бастап, сол үш есе женілдік әріп қалыбын жасау, құйыу, оған төлейтін ақыға дейін барады.

Екінші, әріп тізу жұмысын женілдетеді. Әріп аз болса, әріп кассасының ұйасы да аз болмақ. Ұйасы аз болса, касса шағын болмақ. Касса шағын болуы мен ұйа аз болуы әріп тізі жұмысын оңайлатпақ. Түзетілген араб әріп бір ұсқынды ғана болған соң, кассасының ұйасының азайтады. Ұйасы аз болған соң, касса шағын болады. Мәселен, қазақ әріптеріне бұрынғыша 77 ұйа керек болса, енді оның орнына 25 ұйа ғана керек болады. Бұл 68 пыратсентке жақын женілдену, басылған нәрсенің бағасы арзандау болады.

Оның үстінеге, касса шағынданса, әріп тізушілер бұрынғыдай түрегеп тізбей, отырып тізуге мүмкін болады.

Үшінші, жазу машиналарын жақсылауға жол ашады. Бұрынғы әріптерге орын көп керек болғандықтан, жазу машинасынның түрткіштеріне (клауи-теріне) сыймай, әурелейтін еді. Енді жазу машинасына бір түгіл, екі әліп-бидің әрпін сыйдыруға болады. Мәселен, бір машинаны енді әрі қазақша, әрі орысша басуға жарайтын етіп, екі әліп-бидің әрпін сыйдырып жасауға болады.

Төртінші, оқыту ісін жеңілдетеді. Араб әрпі оқыту әдісін жақсы билетін адамдардың қолында бұрын да оқыту жүзінде онша қыындық қылмайтын. Оқыту әдісін шала билетіндерге ғана төрт тұрпатты болуы қыын көрінетін. Енді әріп тұрпаты бір ұсқынды болған соң, оқыту әдісін билетін, білмейтіндердің бәріне бірдей жеңіл болмақшы.

Бесінші, басқа да машинамен істелетін баспа жұмысының көбіне пайдасы тимек. Соңғы замандарда шыққан линотип, минотип деген әріпті әрі қойып, әрі жыйып, кітаптың бір жолын біржолата тізіп шығаратын машиналарға келгенде, түзеткен араб әрпінің қолайлылығы тағы артықша болмақ. Сондай машиналардың түркіштеріне орыстар, басқа да Еуропа жүрттары бір ғана әліп-бидің әрпін сыйғызғанда, жаңаған араб әрпімен екі әліп-би әрпін сыйғызуға болады.

Қысқасы, жаңаған араб әрпі баспа дүниесі, жазу машинасы, оқыту жұмысы жағынан орыс әрпінен де, басқа Еуропа жүрттарының әріптерінен де анағұрлым артық болмақ.

«Жаңа мектеп» №1, Б. 32–36, 1927.

ЕМЛЕ ТУРАЛЫ

(қысқартылып алынды)

Емле негізі 4 түрлі: 1). Таңба жүйелі (негізгі ынтымақ); 2). Тарих жүйелі (негізгі дағды); 3). Тұыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4). Дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле – арғынға «дөңгелек» таңба алайық. Қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сиакты немесе «бірге» мынадай: «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сиакты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сиакты, тілі іліміне тіремей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деumen жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алуша алмау жағын сөз қылмай өтеміз, үйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалуы тиіс дедік.

2. Тарик жүйелі емле – байағы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгермesten әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбыстың ортасындағы орта таңба болуы мүмкін. Бір дыбыста жазуға бірнеше әріп жұмсалуы мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйені болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Тұыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат түр екен» деген «ат» деген сөздерді ауыздан шығуыша «қарат», деп жазбай, «қара ат» деп жазады. Сол

секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса иғі еді» деп, «болса», «иғі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуга тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуынң өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрде естіледі (ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жүртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жана емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес бе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші ме едік? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айттып оттік. Олай болса, жана емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз

жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, көңген – көңген, інге – інге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келеалмайтұрмын, бұрсі құні – бұрсігүні, бұрнағы құні – бұрнағыгүні, жазды құні – жаздыгүні, тұссыз – тұссыз, бассыз, басшы – башибы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тауына, қол жүруіне женіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақында ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық дей аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмак. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшен» дегенді «шөшишен» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кигізсе»

дегенді «кигіссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызыса» дегенді «қыссса» деп, «сезсе» дегенді «сесссе» деп жазатын болмак. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер; керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Одан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен, «бара алмайды» дегенде «баралмайды» деп жазу керек дейтіндер бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше, екіншісі етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопақардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу. Осы күнге дейін тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін тәменгі ұсыныс болады деймін.

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестіктен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.
 5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу.
 6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
 7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосында сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу.
 8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.
- Мұның әрқайсысын бас-басына байандасақ мынау болады:
1. «Әрбір түбірлі сөз» дегенде мағана жағынан алмай, тұлға жағынан алып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір ұфым, бір мағаналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен: «кете берер», «кете берер ме?», «кете берер ме екен?», «кете бере алар ма екен?», «кете бере алмай отырғанымды-ау». Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағана көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды. Соңдықтан әрқайсысын түбір-түбірімен айырып алып, оңаша шығарып айтып, соңдағы естілуінше жазамыз.
 2. «Азған сөз» дегенде «үйтіп», «бүйтіп», «сүйтіп», «әйтседе», «әйтпесе», «бұрнағы», «бұрсі», «белбеу» деген сиақты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеруі бар. Соңғысы – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Алдыңғысы – ондай емес, тұрлаулы өзгеріс. Солай болған соң сол күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.
 3. «Үйлестікпен» дүдемал естілетін дыбыстар деп

б - п, т - д, ж - ш, з - с, ш - з, ш - н сиақты айтылуында ұқастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күнгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күнгейлеп не болмаса бірінебірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастырып айтуы мүмкін болатын орындары қайсысы еkenі ашиқ естілмейді. Сондай орындарда күнгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме? – Дұдемал, ашиқ емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күнгейленіп, анық естілмей түр.

Күнгейлеп түрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, «Қас-екең сау күндегі әнге салды» десек, қай дыбыс еkenі аниқ естіледі. Сол сиақты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дұдемәлдік болады: Мәселен: бастың ба? – басдың ба?, басты ма? – басды ма?, баста ма? – басда ма?, бастан ба? – басдан ба? Дұдемал, аниқ емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп түрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, қардан, қаздан. Қай дыбыс еkenі мұнда аниқ естіліп түр. Бұлар үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күнгейленгенде болатын дұдемәлдік.

Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күнгейленгенде болатын дұдемәлдікті мысалмен көрсетелік: «мылтық атты». Мұнда жіктеу жалғауы не болатыны дұдемал болып түр: -ты ма? -ды ма? белгісіз, аниқ емес. «Қымыз ашшы», «су кешше», «киім пішше», «құс ұшша», «құлын қашша» аяғына қосылып түрған рай белгісі дұдемал:

ше ме? ша ма? са ма? Бұлар үйлес дыбыстардың бірін-бірі күнгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «мылтық алды» десек, не жалғау екені ашылады. «Қымызға қанса», «су сепсе», «киім кисе», «құс қонса», «құлын қуса» дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күнгейлегенде болатын дұдемәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сиақтылар: «құрган тешше», «басқан ішше», «төккен тұссса», «тұздық тұссызы», «қазан ашши», «нан кешші», «көссіз көбелектей», «ішшілер ізіне түсті», «ішшілер ісін тоқтатты», «башибылар баж басты», «башибылар алға түсті».

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер ету, негізін күнгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естілуінше жазу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дұдемәлдік мынау сиақтылар: Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қонған – қонған, жаңған – жанған, жонған – жонған, көңген – көңген, өңген – өңген, міңген – мінген, сенген – сенген, күнге – күнге тағысын тағы сондай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Үйткені «қорғам», «арғым», «тасқым» деген сөзден шыққаганы «қорған, арғын, тасқын» деген сөздерден шыққаны көрініп түр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрган «ғ» мен «г» дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дұдемәлдік жоғалады Мәселен: «қоныс», «кондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде» дегенде, дұдемәлдік жоғалып, «н» емес, «н» екені анық көрініп түр.

4. Қосымшалар дегеніміз – жүрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай бірге жазылатын.

5. Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сиезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сиезі бөлек жазылсын деді. Оку жағынан қолайсызық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрында қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: құртқұмырысқа, бақа-шайан, айақ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылыш-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап тағысын тағы сондай сөздер бұрында осылай қосарлық (-) белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын «Тіл – құралда» қос сөздің біріне санаудып, жалқылаушы қос сөз деп атанип келіп еді. Былтырдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін қосынды деп атайдын болды. Бұлар бір өңкей болса, қосыла жазылатын. Бір өңкей болмаса, араларынан қосралық (-) белгі қойылып жазылатын. Мәселен: қолғап, жүк-айақ, төсек-ағаш, тұс-киіз, тұстартпа, келі-саб, балтасап, қаламсаб, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бері де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазылатын. Олардың жазылуы жағы солай қалады. Мұндай қосымша ескеरту есебінде айтылып отырған бөлек жазылуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз. Олай айтылып отырғаны мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің аяғындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айниды. Мәселен, «менен», «мен», «бенен», «бен» болып айттылғанда, бұлардың

арасында дұдемәлдік жоқ. «Бенен», «бен» алдындағы дыбыстың әсерімен «пенен», «пен» сиақты болып естілгенде дұдемәлдік туады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дұдемәлдігін ашатын жолмен алуымыз керек.

7. Үйір айтылатын айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындығы айналған сөздер туралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұлардың әркім әр түрлі жазуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: ақ-сақал, ала-бота, сасық-курай, май-шағыр, боз-жусан, боз-торғай, қара-құс, көк-құтан, ақ-қу, ала-қарға, қара-қарға, торыала қаз тағысын тағылары осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.

Шырай күшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшету үшін қосатын буындар айтылып отыр.

Мәселен: қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-бік, сыр-сида, шіп-шикі тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазып керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрын бөлек жазылған. Онда өзгеріс жоқ. Тек бірге жазу керек деушілер болғандықтан, айрықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескеrtіp өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебізіндегі айтылған қалпынан айнымай

жазылу. Лепестен шыққан сөздер деп одағаймен бірлесе айтылған сөздерді айтамыз. Мәселен: «Ой, пәлі», «А, Құдай!», «А, пірім-ау!», «А, пірім-ай».

Лебізден шыққан сөздер деп «кет әрі», «әпер бақан», «көріпкел», «ұр да жық», «барса келмес», «найзамды әпер», «шаш ал десе бас алар» деген сиакты сөздерді айтамыз.

2. Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас (жалқы есімдер), бір-санар, бір-тартар, буттартар, ат-шабар, бес-атар, күс-қонбас, ит-кірмес, желкесер (жалпы есімдер).

3. Дүдемелдігі ашылмастай орындарда сондай дүдемелдік ашылған орындардағы тәжірибе бағытымен жазу. Мәселен: «аспан ба?», асбан ба? – дүдемел еken, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды еken. Сол сиакты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен тағысын тағылар.

Бұлардың «п» мен «б» дүдемел болған орындағы ашылуы ылғи «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де солардың көбі «б»-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» деген сөздер «асман», «дұшман», «данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбак», «өкбе», «оқбан» деген-нен дыбыстары алмасумен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр.

4. «Ы» әрпі бітеу буындарда да қалмай жазылу, «қарт – қарыт», «арт – арыт», «жүрт – жүрят», «сырт

– сырт», «құрт – құрыт» дегендегі сзықша мен қосақтап қатарлап қойған сөздердің айтылуы бірдей емес. Бітеу буынға «ы» деп жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. «Асыу», «алыу», «келіу» деген сөздерді «сүү», «шүү», «түү» деген сиақты етіп, аяғына «ұ» келтіріп жазамыз деушілер бар. Тіпті жалғыз ғана «у» келтіріп жазамыз деушілер де бар. Олардың бәрі де жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. «Алыш» демей, «алұп» деп, «асыб» демей, «асұп» деп, «барып» демей, «барұп» деп, «келіб» демей, «келұп» деп жазатын болсақ, алұу, барұу, келұу деп жазуға болады. Олай жазбай, «алып, асып, барып, келіп» деп жазатын болсақ, «у»-дың алдын «ұ» (у) жазудың орны жоқ. Мұндай «у» сөздің аяғына «б» есебінде қосылып тұрған дыбыс немесе «алыс, беріс, барыс, келіс» дегендерді сөздердің ішіндегі «с» есебінде қосылып тұрған сөз. «Алыш» деген «алыу» деген, «барыс» деген «барыу» деген, «келіс» деген «келіу» деген сөздердегі айырым аяқ дыбыстарында ғана, басқа жеріне айырым жоқ. Егер алұс, барұс, келұс деп айтпаймыз ғой. Егерде «ұ»(у) мен «ы» (і) дүдемәл естілетін болса, ол дүдемәлдік «ы» жағына қарай шешіліп отырады ғой. Мәселен «тан» деген «таны» деген, «жан» деген «жаны» деген, «тас» деген «тасы» деген сөздерді алып, аяқтарына «п», «с», «у» қосып туынды сөз жасасақ, аяғы дауысты дыбыс болса, осы дыбыстарды қосамыз да қойамыз. Аяғы басқа дыбыстар болса, «ы» арқылы қосамыз: танып, таныс, таныу, жанып, жаныс, жаныу, тасып, тасыс, тасыу. Осында «у» дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

6. р, л, у, и әріптерінің алдында «ы»әрпі жазылу-жазылмауы естілүінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап, қойды, лаулап жанды, локы, лықылдап, Ленін, Лепсі деген сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауға салушылар болса, онда әркімнің құлағы әр түрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдеттеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Оナン басқа ашатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде «р», «и» сөз басында тіпті келмейтін көрінеді. Онда да қазақтың «ұхақытты» қысқартып, кейде «ұак» деп айтатындығынан, қазақтың «ұақыт» деп айтатын жерін баспадағылар немесе жазудағылар «ұақыт» дегенге айналдырғаннан болады. Қалайда жалпы ереже бұлар турасында естілсе «ы» жазу естілсе «ұ» жазу, естілмесе жазбау. Мәселен: ұру, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ырғақ, ыржан, ірі, ірімшік деген сөздердің басында «ұ», «ы» бар екеніне дау болмас. Болса қалай етеміз? - Әрине, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

«И» дыбысы жалғыз-ақ «иә» деген сөзде келетін көрінеді. (Иәки де «иә»-мен тұқымдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар «жә» деп айтатын көрінеді.

«И» туралы жалпы ереже: естілсе «ы» жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осымен емле ережелері туралы әңгіме бітеді.

*АҚЫМЕТ
«Еңбекши қазақ», газеті. 27-март 1929.*

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ДОПРОС ГРАЖДАНИНА БАЙТУРСЫНОВА АХМЕТА

18/VI-29 г.

Из моих литературных трудов при самодержавии были изданы: перевод басен Крылова, Сборник собственных и переводных стихотворений под названием «Маса». При советской власти литературной деятельностью не занимался. По вопросам о художественной литературе я стою на той точке зрения, что ценность произведения заключаются в том, насколько оно в состоянии воздействовать на чувства человека, вне зависимости от того, какая идея заложена в этом произведении.

С литературными течениями в Казахстане я знаком, но ни к одному из них не примыкаю, т.к. для меня совершенно безразлично, какое направление будет в литературе преобладающим: пролетарское или националистическое. В своей практической работе по воспитанию молодёжи в учебных заведениях, в вопросах литературы, я исходил из той установки, которая произнесена мною выше. Что же касается предмета «Истории культуры», которую я преподавал в КазИнпросе в Оренбурге и Кызыл-Орде, то здесь я руководствовался также тем, что основным двигателем прогресса человечества является наука и техника.

Помню, однажды на лекции по истории в Кызыл-Ординском КазИ-НО в 1927 году мне был задан вопрос: будет ли в будущем власть? Этот вопрос был задан в связи с тем, что по лекции о государственной власти говорилось, что человеку никогда без власти не жилось....

Я на этот вопрос ответил следующее: наука основывается на опытах, из опытов прошлого видно, что человечество без власти не жило. Поэтому не имея опыта на будущее нельзя дать научный ответ о том, будет ли власть или её не будет. Насколько я помню, ответ мой этим и ограничился. Вопросов, связанных с перспективами строительства социализма и в связи с этим о судьбе государственной власти, мне не задавалось.

Вопросов о направлении казахской литературы я ни с кем не обсуждал. В частности, не помню, чтобы я читал вместе с Букейхановым новую платформу, составленную Магжаном Жумабаевым. Во всяком случае хорошо помню, что Жумабаева в бытность мою в Москве я в квартире Букейханова не встречал, а также не был на квартире и самого Жумабаева (1 стр.).

Не помню (это было в общежитии Наркомпроса РСФСР в Москве, куда я ездил на краеведческий съезд, осенью 1924 г.) о том, возможно Жумабаев и Букейханов были у меня в общежитии, или же все мы вместе встречались на заседаниях краеведческого съезда. Также не помню, чтобы мы читали платформу «Табалдырык». Возможно, что материалы по литературе мы и читали, но точно не помню в рукописи, или газетные материалы. Сарсембина я помню, в бытность мою в Москве я его видел с Жумабаевым.

В Оренбурге этот Сарсембин у меня не бывал. Во всяком случае этого я не помню. И вообще не помню, встречал ли я его после возвращения с краеведческого съезда.

Совещание в квартире Алдунгарова, посвященное разбору платформы Жумабаева, я не знаю и вообще в квартире Алдунгарова ни разу не был.

Относительно Чокаева я знаю только, что он находится в Париже. Кажется, в 1924 году в Париж на Всемирную выставку произведений искусства ездил казахский певец Амре Кашаубаев, который по возвращении оттуда рассказывал, что видел Чокаева. Больше о нём не рассказывал и не расспрашивал. При каких условиях Амре рассказывал мне об этом, специально ли заходил ко мне или при случайной встрече – я не помню.

Показания мною прочитаны, записано с моих слов правильно, в чем и подпишусь – А. Байтурсынов (2 стр.).

*Допрос Саенко.
Архив КГБ КазССР: 124 фонд, том 3.*

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

О ходатайстве Джетысуйского ГИНа о переименовании г. Алма-Ата в «Алматы» и е/уезд «Алматинским»

Все соображения, приложенные в объяснительной записке Председателя Джетысуйского ГИНа тов. Алибекова, заслуживают внимания. Его ссылки на мнение академика Бартольда (Прилагается – фото №1), одного из авторитетнейших тюркологов, и другие исторические и бытовые справки имеют под собою полное основание. К мнению Джетысуйского ГИНа можно добавить следующие: образование имени прилагательного из имени существительного через прибавление к окончанию последнего твердой частицы «ты» вместо современной «лы», «ды» свойственно тюрк-

ким языкам, в частности казахскому. При этом окончание «ты» в казахском языке является более древним, чем другие формы этого рода. Оно «ты» означает обилие или присутствие чего-нибудь, главным образом воды и растительности, животных и предметов потребления. Поэтому окончание «ты» чаще всего встречается в древних названиях урочищ. Примерами чего могут служить названия современных урочищ и рек: «Чыдыр-ты» (вместо современного Чидер-лы), «Үленті (вместо современного Улен-ды)», Калдыгай-ты (вместо современного Калдыгай-лы), Бұлдыр-ты (вместо Бұлдыр-лы), Мойн-ты (вместо Мойн-ды) и т.д.

Подобные окончания урочищ сохранились во всех губерниях Казахстана, они особенно часто встречаются в Джетысуйской губернии, например, «Тобылғы-ты», «Бугы-ты» (название урочищ в Жаркентском уезде); Соге-ты (в Алма-Атин. уез.), «Ыргай-ты» и «Раут-ты» (в Талды-Курганском уезде).

Помимо названий урочищ это окончание сохранилось доныне в казахском языке после звуков: п, б, т, к, ш, с. Примеры: «шаш-ты» – волосатый, «бас-ты» – головастый, «шөб-ті» – многотравный и т.д. Таким образом, лингвистические данные и образование названий урочищ в крае говорят о закономерности и необходимости словообразования «Алма-ты» – яблочный или обильный яблоками.

«Алма-Ата» является неправильным словообразованием с точки зрения современного правописания каз. слов. создает неудобство при письме, так как по современному казахскому правописанию слово «Алма-Ата» должно писаться слитно, а в одном слове

два гласных звука рядом не встречаются. Кроме того, раздельное письмо «Алма-Ата» имеет неудобство при телеграфных отношениях.

Поэтому считаем целесообразным переименование Алма-Ата в «Алма-ты» и уезда в «Алматинский».

Члены Научного и Научно-методического Совета.

/Шонанов/

/Байтурсынов/.

29.12.1929 года. г. Кзыл-Орда

Фонд 81. опись 1. дело N1313. стр. 32.

ЖИЗНЕОПИСАНИЕ

Год моего рождения «мешин» (1872 год) и место рождения уроцище Сары-тюбек в №5 ауле Тусунской волости, Тургайского района, Кустанайского округа.

С 1882 года по 1884 г., обучался казахской грамоте то дома у разных грамотных людей, то в аульных мектебах, случайно оказавшиеся поблизости.

В 1885 г., семью нашу постигло несчастье: за нанесение побоя Тургайскому уездному начальнику полковнику Яковлеву отец был посажен в тюрьму и в 1886 г., приговорен к каторжным работам на 15 лет, а имущества конфисковано.

Несчастье это послужило поводом в поступлению моему в школу в г. Тургае. В Тургайском двухклассном русско-киргизском училище учился с 1886 г., по 1891 г.

По окончании курса в названным училище, поступил Оренбурскую киргизскую учительскую школу, в

которой учился с 1891 г., по 1895 г. Окончившие курс в этой школе обязаны были служить учителем 6 лет.

Начиная с 1 июня 1895 г., служил учителем в разных местах Казахстана, в разных школах – сперва в аульных, потом в волостных и, наконец, в двухклассных.

С 1901 г., свободные от учительских занятий часы стал употреблять на свое самообразование и литературную работу.

В 1909 году, когда служил учителем – заведующими двухклассным училищем в г. Каркаралинске Семипалатинской области, по распоряжению Семипалатинского губернатора Тройницкого был арестован и отправлен в Семипалатинскую тюрьму, в который под жандармским дознанием сидел с 1 июня по 21 февраля 1910 года.

Из тюрьмы выпустили с запрещением жительства в пределах Казахских областей и с правом выборе местожительства в других губерниях России. Выбор мой пал на г. Оренбург, как на ближайший к Казахстану пункт и туда прибыл в марте месяце 1910 г.

По приезде в Оренбург стал заниматься, во первых, исследованием казахского языка в фонетическом, морфологическом и синтаксическом отношениях, во вторых, реформой казахского языка алфавита (не шрифты) и орфографии в сторону улущение в смысле упрощения и упорядочения; в третьих, очищением казахской письменной речи от лексических засорений и ее синтаксических построений от иноязычных влияний; наконец, в четвертых, перенесением прозы (деловой, публицистической и научной письменный речи) с рельсов книжного языка на рельсы живого разговорного языка через стилистическую обработку

и через изобретения научных терминов из казахских слов. Все это проводилось мною в жизни через составляемых мною на казахском языке учебники и редактируемую мною тогда газету «Казак».

В этом направлении продолжалось моя работа вместе до 18 г.

